

ҚОҒАМ

ҚАЗАҚ ДУБЛЯЖЫ

Тіл мәртебесін дамытатын маңызды жоба

6

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №58 (6620) 27 маусым, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖУРНАЛИСТІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ МИССИЯСЫ

Кез келген ақпаратты мұқият елеп-екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды



Мемлекет басшысы журналистер қауымын Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен құттықтап, ұлттық медиа – халықтың үні, ал журналист жасампаздық жаршысы екенін атап өтті.

Президент БАҚ өкілдерінің мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келе жатқанына, еліміздегі реформалардың мән-мағынасын жұртшылыққа жеткізу – өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс екеніне маңыз берді. «Біз озық ойлы ұлт болуымыз қажет. Көш бастайтын елдердің қатарына қосылуымыз керек. Бір ел болып, жұдырықтай жұмылсақ, бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Осы ортақ жұмысқа журналистер қауымы да зор үлес қосып жүр. Сіздерді реформаның қозғаушы күші деп айтуға болады. Түптеп келгенде, билік те, баспасөз де ел игілігіне қызмет етеді. Еліміздің мақсаты – биік, бағдары – айқын. Бұл – Әділетті, Қауіпсіз, Өркениетті және Таза Қазақстанды құру», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

МАРАПАТ ИЕСІН ТАПТЫ

Алматыда үздік журналистерге құрмет көрсетілді

БАҚ қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Алматыдағы Достық үйінде журналистика саласында еңбек етіп жүрген үздік мамандарға құрмет көрсетілді. Алматылық бірқатар қаламгер мен ақпарат саласының өкіліне мемлекеттік ордендер мен медальдар, салалық төсбелгілер мен Алғыс хаттар табыс-талды.

Марапат иелерінің қатарында өз әріптестеріміз – «Alatau Aqparat» медиахолдингінің өкілдері де болды. Атап айтқанда, медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ, аталған медальмен «Almaty aqshamy» газетінің бөлім редакторы Рая Ескендір, «Вечерний Алматы» газетінің фототілшісі Қайрат Қонысбаев та марапатталды. Ал «Вечерний Алматы» газетінің тілшісі Наталья Глушаева «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісіне ие болды.

Салтанатты жиында марапаттарды ҚР Ақпарат және мәдениет вице-министрі Қанат Ысқақов табыс етіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ақпарат саласына жүктеліп отырған жауапкершілікті айрықша атап өткенін жеткізді.

Бүгінде елімізде 4871 бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. Оның ішінде 3002 – мерзімді басылым, 236 – телеарна, 98 – радио, 1231 – ақпарат агенттігі мен интернет-басылымдар. Тек Алматы қаласының өзінде 1151 БАҚ жұмыс істейді. Бұл – Алматының журналистика саласында жетекші орын алатынының тағы бір дәлелі.

Осы марапат иелерінің қатарында жүрген «Алматы ақшамы» газетінің де орны бөлек. Қаланың қоғамдық-саяси өміріндегі өзекті мәселелерді көтеріп, тұрғындар мен билік арасындағы сенімді көпір болып келе жатқан ұжымның әрбір еңбегін бағалауға лайық деп санаймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz

01 745178 614887 >

Қасым–Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖУРНАЛИСТІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ МИССИЯСЫ

Кез келген ақпаратты мұқият елеп–екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы қазір арқаны кеңге салатын уақыт емес екенін айта келе, әлемдегі геосаяси, геоэкономикалық ахуал шиеленісе түскеніне тоқталды.

– Жаһандық қауіпсіздік жүйесі түбегейлі өзгеріп жатыр. Алпауыт елдердің те-кетіресі ушығып, кейбір аймақта қарулы қақтығыстар өршіп барады. Әлемдік аре-нада күрделі, бізге беймәлім, терең түсі-нуді қажет ететін үдерістер орын алуда. Негізінде, халықаралық құқыққа қатысты ұғымдар араласып кетті. Күштінің құқы дәріптеле бастады. Ғаламдық цифрлық трансформация бүкіл адамзатқа бұрын-соңды болмаған қиындықтар әкеледі. Әлем жаңа дәуірге қадам басты. Мұнда жасанды интеллект технологиялары мем-лекеттің табысты дамуының басты факто-рына айналады. Алдағы іргелі өзгеріс-тердің ауқымын білген жөн. Өркениет көшінен қалмау үшін инновацияны бар-лық салаға қарқынды түрде енгізу қажет. Мемлекет басшысы ретінде осы іске баса мән беремін. Жасанды интеллектінің кеңі-

нен таралуы кез келген мамандыққа, со-ның ішінде сіздердің кәсіптеріңізге де мүлдем жаңа талаптар қояды. Көптеген сарапшылар келешекте адам еңбегін алго-ритмдер алмастыратынын айтып жүр.

Алайда, бұл өзгерістер журналистика-ның жаңа мүмкіндіктерін, шын мәнінде екінші тынысын ашуы әбден мүмкін. Қазірдің өзінде жаңа нейрожелілер сұра-нысқа ие бірегей контент өндіру үшін қа-жет ақпаратты іздеп, талдай алатын пай-далы құралға айналды. Отандық журналистер әрдайым шығармашыл, жа-ңашыл әрі дамуға құштар. Сіздердің жаңа технология мүмкіндіктерін толығымен пайдаланатындарыңызға сенімдімін. Бүгінде елімізде медиасаланың, соның ішінде блогосфераның қанат жаюына бар-лық жағдай жасалған. Оқиға ортасынан шынайы ақпарат таратуда өздеріңізге мол жауапкершілік жүктелген. Мұны сезіне білу өте маңызды, – деген Президент жур-налистер қауымына бүгінгідей алмағайып, бұлыңғыр заманда, ең алдымен, ел бірлігін сақтап, басты байлығымыз – тұ-рақтылық пен тыныштықты бағалау қа-

жеттігін аманаттады: «Осы орайда, журна-листерге айрықша сенім мен зор жауапкершілік жүктеледі. Міржақып Дула-тов «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» деген. Шын мәнінде, сөз – аса қуатты қару. Бір ауыз сөз араз елді тату қылады, тату елді араз етеді. Сондықтан сөз құдіретін терең түсініп, оның салмағын сезіне білу қажет. Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы ал-дыңғы қатарға шықты. Кез келген ақпа-ратты мұқият елеп-екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды. Бұл ретте сіз-дерді ақпарат әлемінің темірқазығы деуге болады. Мен журналистеріміздің әр мәлі-метті ұлт мүддесі тұрғысынан саралай аларына сенемін. Өйткені, өзім көп оқи-мын, сіздер жазған мақалалармен, ой-пікірлермен таныспын. Қазір журналис-теріміз түрлі салада жұмыс істеп жүр. Қаламгер әрі қайраткер азаматтарымыз аз емес. Ақпарат саласының өкілдері Парла-мент пен мәслихаттарда табысты еңбек етуде. Сондай-ақ, жергілікті және орталық

атқару органдарында қызмет етіп жүрген азаматтар бар. Бұл журналистің бесаспап мамандық иесі екенін анық көрсетеді».

Президенттің бұл аманаты – ұлттық журналистиканың болашақ бағдарын ай-қындайтын стратегиялық мазмұнға ие дер едік. Ақпарат кеңістігінде ұлттық мүддеге қызмет ететін кәсіби және отаншыл БАҚ-тың қалыптасуы – ел болашағы үшін аса маңызды. Мемлекет басшысының баспа-сөзге деген құрметі мен сенімі – сала ма-мандары, біздер үшін әрі мәртебе, әрі үл-кен жауапкершілік. Бұл сенім мен жауапкершілік – жаңа қоғамды, Әділетті Қазақстанды құрудың кепілі болмақ.

Салтанатты жиында Мемлекет басшы-сы жыл сайынғы дәстүрге сай журналис-терге Президент сыйлығы мен гранттарын тапсырып, алғысын жариялады. Сонымен қатар, медиа саласының өкілдерін мемле-кеттік наградамен марапаттады.

Т.ДЕРЫСАЛИН.
(Дереккөз: www.akorda.kz).

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Алатау ауданы:

Алатау – мегаполистегі ең жылдам дамып келе жатқан аудандардың бірі. Қазір мұнда құрылыс қарқыны есе-леп өскен. Әсіресе, бой көтеріп жатқан мектептің көптігі бірден көзге түседі. Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен баспасөз мәслихатында Алатау ауданының әкімі Талғат Малыбаев осы-лай деді. Баспасөз мәслихатынан кейін БАҚ өкілдеріне пресс-тур ұйымдасты-рылды. Яғни бізге брифингте айтылған жетістіктерді көзбен көру мүмкіндігі туды.



Нұржамал
Әліш

Сегіз мектеп ашылады

Қазір аудандағы 31 мемлекеттік, 12 жекеменшік мектепте 61 095 оқушы білім алып жатыр. Олардың 57 814-і мемлекеттік мектепке, 3281-і жеке-меншік мектепке барыпты. Дегенмен, тұрғындардың саны өскендіктен мектеп-ке сұраныс артып, биыл шамамен 6 мың орын жетіңкіремей тұрғанын айтады. Алатау ауданы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының аясында осы мәселені шешіп, енді 13 250 оқушыға арналған сегіз мектеп салмақ.

«Самғау», «Теректі», «Қарасу» ықшамаудандарында екі мың орынды үш мектеп салынып бітті. Ал «Ақбұлақ» ықшамауданында 1500 орынды тағы бір мектеп құрылысы бітеді. Алдағы қыркүйекте «Айгерім» ықшамауданын-да екі мың орынды жаңа білім ордасы пайдалануға берілмек. «Алғабас» пен «Ғажайыпта» екі мектептің құрылысы басталған, олар 2026 жылы қолданысқа берілмек. Бұдан бөлек, «Зерделіде» ке-лер жылы ашылатын 550 орынды екі мектеп салынып жатыр.

«Дарабозда» саябақ бар

Ауданда тұрғындар үшін жайлы қа-лалық орта құру жұмыстары да қарқын алған. Аудан әкімі Талғат Малыбаевтың айтуынша, қоғамдық кеңістіктерді

абаттандыру мен дамыту – ауданның басым бағытының бірі.

Былыр «Қарасу» шағынауданында 10 гектардан астам аумақта сквер мен жаяу жүргіншілер аймағы абаттанды-рылды. Онда шағын архитектуралық формалар, жаңа көше жиһаздары, де-малуға арналған орындар орнатылып, жарықтандыру және көгалдандыру жүргізілді. Ал «Дарабозда» мешіт ма-ңында 6,2 га аумақты қамтитын саябақ салынды. Алдағы қыркүйекте «Өжет-тегі» 16 га тоғанды көгалдандыру, спорт және балалар алаңымен қамту жобасы аяқталмақ. Сондай-ақ, 31 қоғамдық кеңістік, 16 аула аумағы, 3 көше жары-ғын жаңарту жобасы жүзеге асырылады.

Момышұлы көшесі көркейіп келеді

Алатау ауданындағы Момышұлы көшесінде 4500 шаршы метр болатын жаңа қоғамдық кеңістікті абаттандыру жұмысы басталды. Жобаны аудан әкімдігі мен «DM-STROI» ЖШС мердігер ұйымы бірлесіп іске асыруға кірісті.

Талғат Малыбаев баспасөз туры ба-рысында бұл жобаның мақсаты жайлы әрі заманға сай қалалық орта құру екенін айтты. «Біз де Панфилов көшесі мен Тереңқұр сияқты жайлы орындар болғанын қалаймыз. Алатау – шеткі ау-дан емес, сондықтан мұндағы абаттан-дыру жұмысы да әл-Фараби мен Достық көшесінен кем болмауы керек», – деді ол.

Жоба аясында 103 жарық бағаны орнатылады. Биіктігі 26 метр болатын ту қойылатын жарық баған да қойылмақ. Бұл имидждік орын болмақ.

Сапалы ауызсуға қол жеткіземіз

Ауданның «Рахат-Мәдениет» ықшамауданында барлық үй орталық су құбыры мен кәріз жүйесіне қосылады. Қазір инженерлік желілердің едәуір



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

бөлігін тартып қойған. Баспасөз туры барысында журналистер осы жоба бойынша қолға алып жатқан жұмыспен де танысып шықты. Жалпы құны 10,4 миллиард теңгені құрайтын жоба-да 131,72 шақырым инженерлік желі-лер салынады. Олар 69,9 шақырым су құбыры мен 61,8 шақырым кәріз жүйесі. Жұмысты атқарушы жалпы мердігер – «Сапа Құрылыс 2007» ЖШС.

Баспасөз туры барысында хабарлан-ғандай, дайындық жұмысы 2023 жыл-дың қазан-қараша айларында бастал-ған. Қазір 49,8 шақырым инженерлік желі тартылыпты, оның 30,3 шақырымы су құбыры мен 19,5 шақырымы кәріз желісі.

«Айгерім-1-2» және «Теректі» ық-шамаудандары сияқты мәселесі шешіл-меген аудандар да бар. «Теректіге» байланысты біз осы аптада сот шешімін күтіп отырмыз. Егер оң шешім шықса, шілде айының басында құрылыс-мон-

таж жұмысы басталады. Бұл жақтағы шаруаның көлемі «Рахат-Мәдениеттегі-мен» бірдей. «Айгерім» бойынша «Ал-маты Су» компаниясы мен Энергетика басқармасының шешімін күтіп отырмыз. Алайда, қала әкімі Дархан Сатыбалды-ның тапсырмасымен биыл барлық ық-шамауданда жұмыс басталып, келесі жылы аяқталуы тиіс. Бәріне қаржы бөлінген, ендігі міндет – мердігерлерді бақылап, күн райын, уақытты ескеріп отыру», – деді Алатау ауданының әкімі Талғат Малыбаев.

Жобаның нәтижесінде 2882 абонент (бұл шамамен 14 000 тұрғын) алғаш рет сапалы орталықтандырылған су мен кәріз қызметіне қол жеткізеді. Осы аба-ненттердің ішінде 350-ден астамына орталық су құбыры қосылды. Бұл шешім қазіргі тұрмыстық қиындықтарды жоюға ғана емес, сонымен қатар осы аумақта-ғы өмір сүру деңгейін айтарлықтай арт-тыруға ықпал етпек.



«ПРОКУРОРЛЫҚ СҮЗГІ» МЕХАНИЗМІ

Елімізде инвестициялық климатты жақсарту үшін тұрақты жүйе қалыптасты

2025 жылы 24 маусымда Астана-да Шетелдік инвесторлар кеңесінің 37-ші пленарлық отырысы өтті. Жиынды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткізді. Онда Президент, Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо, ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, «Қазақстанның шетелдік инвесторлар кеңесі» қауымдастығының басқарма төрағасы Ерлан Досымбеков, Азия даму банкінің вице-президенті Бхаргав Дасгупта, VEON тобының бас атқарушы директоры Каан Терзиоглу, CNPC вице-президенті Чжан Даовэй, Alstom компаниясының Африка, Таяу Шығыс және Орталық Азия өңірлері бойынша президенті Мартан Вожур сөз сөйледі. Мемлекет басшысы өз сөзінде шетелдік инвесторларды мемлекеттік қорғау механизмдері жайлы егжей-тегжейлі айтып берді.

Мемлекет инвестор құқығын қорғауға мүдделі

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде инвесторлар құқығын қорғауға арналған арнайы «прокурорлық сүзгі» механизмі енгізілгенін айтты. Енді 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік органдар Бас прокуратураның алдын ала келісімінсіз инвесторларға қатысты тексеру жүргізуге, әкімшілік іс қозғауға, талап-арыз беруге немесе қандай да бір шектеу қоюға құқылы емес. Бұл Бас прокуратураның өзінің негізгі қызметін атқарып жатқанын көрсетеді. Ұзақ жылдар бойы мемлекетте заңдылықты сақтауға тиіс күштік құрылым саясиленген еді.

«Прокурорлық сүзгі» лауазымды тұлғалардың шешім шығару үдерісін



(Дереккөз: www.gov.kz)

ашық етеді. Бұл механизм Президенттің 2024 жылғы 8 мамырдағы «Экономиканы либерализациялау шаралары туралы» Жарлығына сәйкес енгізілген. Аталмыш өзгеріс Кәсіпкерлік кодексі, Азаматтық процестік кодексі пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерге енді.

Енді мемлекеттік органның инвесторға қарсы сотқа талап қою құқығын жүзеге асыруы міндетті түрде прокурормен келісілгеннен кейін ғана мүмкін болады. Бірақ бұл прокуратураның шексіз ықпалға ие екенін білдірмейді. Себебі, «Прокурорлық сүзгі» тек «Инвесторлар тізіміне» енгізілген инвесторларға қатысты қолданылады. Тізімді Инвестициялық штаб қалыптастырады. Осылайша билік құрылымдары арасында тепе-теңдік және тежемелілік қағидасы енгізілген.

Инвесторларды қорғау жүйесі қалай жұмыс істейді?

Президент билікке келгелі бері

еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсартуға аса мән беруде. Бұл үдеріс әлі аяқталған жоқ. Дегенмен, біршама өзгеріс жасалып, инвесторларды қорғау жүйесінің саяси-құқықтық базасы қалыптасты.

Жүргізіліп жатқан институционалды өзгерістің нәтижесінде инвесторларды қорғау жүйесінің мынадай құрылымдары қалыптасты:

1. Президент жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі. Кеңес консультативті-кеңесші орган ретінде жұмыс істейді. Ол инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды. Оған Президент төрағалық етеді. Кеңестің тұрақты мүшелері келесідей:

- Премьер-министрі;
- Ұлттық Банк Төрағасы;
- Премьер-министрдің бірінші орынбасары;
- Премьер-министрдің орынбасарлары;
- Президенттің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі;
- Сыртқы істер министрі;

• Өнеркәсіп және құрылыс министрі;

• Көлік министрі;

• Қаржы министрі;

• Ұлттық экономика министрі;

• Кеңестің жұмыс органының бірінші басшысы (СІМ Инвестициялар комитеті).

2. Инвестициялық штаб. Президенттің сөзінше аталған штаб 70 миллиард долларды құрайтын 137 инвестициялық жобаға қолдау көрсетті. Сондай-ақ, заңнамаға инвесторлардың проблемасын жүйелі түрде шешуді көздейтін 140 түзету енгізуге бастамашы болды. Штабтың жұмысын Премьер-министрдің бірінші орынбасары үйлестіреді.

3. Бас прокуратура. «Прокурорлық сүзгі» механизмін енгізу арқылы мемлекеттік органдардың инвесторларды тексеру әрекеттері шектелді. Енді Бас прокуратураның алдын ала келісімінсіз инвесторларға қатысты тексеру жүргізуге, әкімшілік іс қозғауға, талап-арыз беруге немесе қандай да бір шектеу қоюға құқылы емес.

4. Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа. Платформа инвестицияларға қатысты мемлекеттік қызметтерді «бір терезе» қағидаты бойынша біріктіріп, кеңес беруден бастап, рұқсат алуға дейінгі барлық үдерісті қамтиды.

Осылайша қазір елімізде инвестициялық климатты жақсарту үшін тұрақты жүйе қалыптастырылды. Жүйенің құрылымдары іске қосылып, тепе-теңдік және тежемелілік қағидасы аясында жұмыс істейді.



Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

МИГРАЦИЯ

Жаһандану кезеңінде бір елден екінші Желге жұмыс істеу, мансап құру және болашағын шетелмен байланыстыру мақсатында көшетін азаматтар саны артқаны баршаға мәлім. Экономикасы ықпалды елдерге қоныс аударуды халықаралық тәжірибеде мамандар «таланттарға талас», еңбек ресурстарының капиталистік жүйеге кірігуі деп түсіндіреді.

Биыл шетелге кететін отандастар үлесі 2,8 есеге төмендеген

ҚР ҰЭМ Статистика бюросы жариялаған деректерге сәйкес, бүгінде еліміз тек азаматтарын шетелге жіберетін ел емес, сонымен қатар шетел азаматтары келіп жұмыс істейтін, қауіпсіз болашағын осы жермен байланыстыратын жерұйыққа айналған. Биылғы жылдың алғашқы төрт айында шетелге кеткен азаматтар саны 1,7 мың адамды құрап, былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда (4,8 мың) 2,8 есеге азайған. Ал елімізге тұрақты тұру үшін көшіп келгендер саны – 8100 адамды құраған. Мұндай оң көші-қон сальдосының себебі неде? Қазақстанның көші-қон тұрғысынан маңызды мекенге айналуының қазіргі жай-күйі мен болашағын мақаламызда саралап көрелік.

- Елімізге қоныс аударатын азаматтар саны 2023 жылдың ақпан айынан бастап, елімізден көшіп жатқан азаматтарға қарағанда тұрақты түрде өсуде.
- 2019 жылы БҰҰ-ның Көші-қон қоры жылдық есебінде Қазақстандағы оң миграциялық сальдоны экономикалық тұрақтылық және жұмыс күшіне сұраныстың артуымен байланыстырған.
- Шетелден тұрақты қоныс аударуға келетін азаматтардың басым бөлігі Алматы қаласында тұрақтайды.

«ТАЛАНТТАРҒА ТАЛАС»

Қазақстан шетел азаматтары келіп жұмыс істейтін, қауіпсіз болашағын осы жермен байланыстыратын жерұйыққа айналып отыр

• 2024 ж. Demoscope қоры жүргізген сауалнама бойынша, респонденттердің 78,5%-ы алдағы 2-3 жыл ішінде Қазақстаннан көшу мүмкіндігін қарастырмаймыз деп жауап берген.

Миграциялық оң сальдо қалыптасты

Кез келген азамат бір елден келесі бір елге көшуге құқылы. Әрбір азаматтың болашағын қалыптастырып, қай бағытты жұмыс жасау еркіндігі – конституциялық құқығына жатады. Алайда, ХХІ ғасырда әлем жұртшылығы азаматтардың қарымы мен дағдысына орай «таланттарға талас» жүргізуде. Барлық ел үшін сапалы маман, қажетті еңбек күші басты ресурс. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елімізде тұратын түрлі этникалық топ өкілдері тарихи отандарына қоныс аударса, 2000 жылдардың алғашқы легінде экономикалық табысты көздеп, мыңдаған ел азаматтары шетел асты. Соңғы жылдар көлемінде, жүйелі реформалар мен экономикалық өсім негізінде миграциялық оң сальдо қалыптасқанын өткен аптада жарияланған Статистика бюросының есебі дәлелдеп отыр.

Халықаралық зерттеу ұйымдарының мәліметінше, соңғы жылдары артқан виза талаптары, қатаң миграциялық саясат жаһандық көші-қон үдерісіне айтарлықтай ықпал етті. Бірақ мигранттар үшін «жерұйық» саналған елдерде талап қатайып, жұмыс жасау қиындай түссе, келесі бір елге бару аса қиындық туғызбайды. Сондықтан қазіргі таңда миграциялық сальдо бойынша оң көрсеткіш көрсетіп отырған елдердің басым бөлігі ішкі тұрақтылық пен қажетті экономикалық өсімді қамтамасыз етіп отырған елдер тобы екендігі ақиқат.

Қазақстандықтар қай елдерге эмиграциялайды?

Елімізде, шетелге біржола қоныс аударған эмигранттардың басым бөлігі Ресейге көшкен (69%). Алайда, жағдай 2025 жылы өзгерді. Биыл қаңтар-наурыз айларында Ресейге 644 қазақстандық көшіп барған, бұл 2024 жылдың алғашқы тоқсанымен салыстырғанда 75,5% -ға аз. Отандастарымызды қабылдаушы елдердің ішінде екінші орында Германия. Былтыр Германияға шамамен 2 мың Қазақстан азаматы қоныс аударса, биылғы жылдың алғашқы тоқсанында көрсеткіш қысқарған (67,9% азайған).

Қазақстанға қай ел азаматтары қоныс аударуда?

Статистика бюросының мәліметіне сәйкес, 2025 жылдың бірінші тоқсанында елімізге 4923 адам келген. Елімізден қоныс аударғандар саны 1122 адамды құрап, көші-қонның оң сальдосы – 3801 адамға жетті. Елімізге қоныс аударушылардың басым бөлігі ТМД елдерінен (84,1%). Аталмыш елдерден Қазақстанға ықтиярхатпен көшіп келген 4137 адамның ішінде ең көбі Өзбекстан Республикасынан – 2614 адам, Ресейден – 982 адам келген. Басқа елдерден алғашқы тоқсан ішінде 783 адам келді. Басым бөлігі – Қытайдан (427 адам), Моңғолиядан (129 адам) және Түркиядан (57 адам).

ХХІ ғасыр адамы үшін қазіргі таңда тұрақтылық, қауіпсіздік, экономикалық мүмкіндіктер, заң үстемдігі кез келген елге қоныс аударудағы ең маңызды құндылыққа айналған. Жоғарыда көрсетілген оң миграциялық сальдо еліміздегі экономикалық тұрақтылық пен заң үстемдігінің салтанат құрғандығының жарқын мысалы.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы, PhD.



РЕЙД

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП –

ортақ жауапкершілік

Сайран аумағында қоғамдық кеңістікті ластаушыларды жауапкершілікке тарту мақсатында полиция қызметкерлері мен еріктілерден құралған мониторингтік топтың қатысуымен рейд ұйымдастырылды.

Досбол
АТАЖАН

Бұл іс-шара өткен демалыс күндері ұйымдастырылған сенбіліктен кейін қолға алынды. Еріктілер мен эко-белсенділер аумақты тазалап болғаннан кейін де аумаққа келген кейбір азаматтар қоқыс жәшіктерінің болуына қарамастан, қоқысты бейберекет тастағаны анықтаған.

Сайран су қоймасының айналасы кезең-кезеңімен абаттандырылып жатыр. Көл жағалауы бүгінде қала тұрғындары мен қала қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналды. Айта кету керек, Сайран жағасына демалуға күніне шамамен 4000 адам келеді.

Жайлы әрі мәдени орта қалыптастыру мақсатында Сайран жағалауында қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша күнделікті тексерістер жүргізілетін болады. Қазіргі таңда абаттандырылған аумақта



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

124 қоқыс жәшігі мен бейнебақылау камералары орнатылған. Сондай-ақ, Сайран аумағында күн сайын 40 коммуналдық қызметкер жұмыс істейді. Олар тәулігіне орта есеппен 5 тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарады.

Алмалы ауданының ПД өкілі Сағитолла Сиясханов тұрғындарға келесідей үндеу жасады:

– Құрметті алматылықтар және қаламыздың қонақтары! Сайран көлінің жа-



СЕМИНАР

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының «Жергілікті атқарушы органдар мен азаматтық қоғам арасындағы диалогты дамыту» жобасы аясында Кәсіподақ орталығында оқыту семинары өтті.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

БИЛІК ПЕН ҚОҒАМ ДИАЛОГЫ:

Мақсат – халықтың заңдық, құқықтық сауаттылығын арттыру

Дана
САДЫРҚАН

Аталмыш іс-шара Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бақылау туралы» Заңына, азаматтық қоғам мен жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимыл мәселелеріне арналды. Семинарға белсенді азаматтардан құралған сарапшылар тобы қатысты. Іс-шара барысында білікті заңгер, PhD доктор Роза Ережепқызы «Азаматтық қоғам мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы диалогты дамыту» Заңға шолу жасады.

Халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қоры ұйымдастырған оқытудың басты мақсаты – азаматтық қоғам мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы диалогты дамыту.

2023 жылы 2 қазанда қабылданған «Қоғамдық бақылау туралы» Заңға сәйкес, азаматтар қоғамдық бақылауды жүргізу арқылы түрлі нысандарда мемлекет ісін басқаруға қатыса алады. Дегенмен, қолданыстағы Заңның жалпы ережелерінің маңызын жұрттың ұғынып жатқаны шамалы.

«Қоғамдық бақылауды жүзеге асырудың негізгі ережелері мен қағидаттарын халыққа ұғындыру үшін арнайы оқыту семинарларын өткізіп жатырмыз. Барлық аудандағы диалогты дамытуда кәсіподақ пен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің, партиялар мен аудандардың белсенді азаматтарының басын біріктіріп, келелі мәселелерді шешу мақсатында осы жобаны қолға алдық. Билікпен диалог орнату үшін халықтың заңдық, құқықтық сауаттылығын арттыру қажет», – деді жоба ұйымдастырушысы, Халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қорының президенті Жаңыл Амантайқызы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат КАЛИМОЛДИН,
Алматы қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі,
«Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің жетекшісі:

«ӘДІЛ ҚОҒАМ» – МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Азаматтар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы іс-шараларды ұйымдастырып жатырмыз. «Жергілікті атқарушы органдар мен азаматтық қоғам арасындағы диалогты дамыту» жобасы біздің қызметімізбен мазмұндас. Негізінен, Мемлекет басшысы жергілікті басқару органдары мен қоғамға қатысты мәселелерді алқалы жиындар мен Ұлттық құрылтайларда көтеріп жүр. Өйткені, күнделікті өмірде билік пен халық арасындағы сенімнің әлсіреп кеткенін көріп жүрміз. Демократиялық қоғамда әлеуметтік желілердің қарқынды дамығаны соншалық, адамдар ой-пікірін еркін жеткізіп жатыр. Өкінішке қарай, азаматтарымызда саяси, құқықтық және қаржылық тұрғыда сауатсыздық басым.

Қазіргі қауым шала сауатты блогерлер мен «дивандық» сыншылардың жетегіне еріп кетеді. Сондықтан жергілікті биліктің халықпен етене жақын қызмет жасауы үшін үкіметтен бірнеше тапсырма берілді. Мәселен, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінде республикалық «Әділ қоғам» атты үлкен жоба басталды. 2024 жылдың өзінде 50-ден астам мектеп сыбайлас жемқорлардан қайтарылған активтер қатарына қосылды.

КӨРМЕ

КІТАП ОҚУ

табиғи қажеттілікке айналуы керек

Алматыда жастар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ауқымды іс-шара – «BOOK VIBE» атты кітап көрмесі өтті. Жастар саясаты басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған көрмені «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігінің қоғамдық қоры жүзеге асырды. Іс-шара ProchiTime атты әлеуметтік жобаның аясында ұйымдастырылып отыр.

Ернұр
РЫСБАЙ

«BOOK VIBE» көрмесінің басты мақсаты – жастардың кітапқа деген қызығушылығын оятып, көркем әдебиет пен ғылым саласындағы еңбектерді кеңінен насихаттау. Сонымен қатар, іс-шара кітап пен оқырман арасындағы байланысты нығайтуды, авторлар мен баспаларға қолдау көрсетуді көздейді.

Жоба үйлестірушісі Талғат Меңдібайдың айтуынша, бұл іс-шара алғаш рет ұйымдастырылып отыр және болашақта дәстүрге айналмақ.

– Қазіргі уақытта ғылыми-техникалық прогресс өте жылдам дамуда. Соған қарамастан кітап оқу мәдениеті кейіндеп бара жатқанын байқауымыз. Мұндай кешенді іс-шаралар арқылы бұл үрдісті өзгертіп, жаңа авторларды насихаттауға, оқырман қауымға жол ашуға тырысамыз. Іс-шараға 10-нан астам баспа келіп отыр. Олар өз өнімдерін көрсетті. Қала тұрғындары сол кітаптармен танысып, қажет болса сатып ала алады. Бұл да оқуға деген ынтаны арттырады. Көрме бірінші рет өткізіліп жатыр. Бірақ алдағы уақытта, шілде мен тамыз айларында да жалғасын табады. Іс-шараны қаланың көрнекі әрі халық көп шоғырланған орындарында

өткізуді жоспарлап отырмыз. Басты мақсат – кітап оқуды күнделікті өмірдің бөлшегіне айналдыру. Қазір кітап оқуды бір культқа айналдырып жіберген сияқтымыз. Бірақ кітап оқу – тамақ ішу, ауа жұту секілді табиғи қажеттілікке айналуы керек, – дейді жоба үйлестірушісі.

Көрмеге отандық жетекші баспалар қатысты. Олар өздерінің жаңа туындыларын оқырманға таныстырып, авторлармен кездесу ұйымдастырды.

Іс-шара аясында «2 сурет – 1 кітап» атты форматта викториналар өтіп, қазақ және әлем әдебиетіне қатысты қызықты сұрақтар қойылды. Дұрыс жауап берген қатысушыларға арнайы сыйлықтар табыс етілді.

«BOOK VIBE» көрмесі арқылы ұйымдастырушылар кітапты заманауи өмірдің бір бөлшегі ретінде насихаттап, оны жастардың күнделікті әдетіне айналдыруды мақсат етеді. Бұл бастама кітап оқу мәдениетінің қайта жаңғыруына, автор мен оқырман арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етпек. Іс-шараның ұйымдастырушылары алдағы уақытта да дәл осындай форматтағы жобаларды жиі өткізуді көздеп отыр. Бұл – Алматы жастары үшін үлкен мәдени серпіліс пен әдебиетке деген жаңа серпін.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАШАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮНІ

ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

Алматыда антинаркотикалық фестиваль өтті

Жыл сайын 26 маусымда әлем халқы Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күнін атап өтеді. Бұл дата 1987 жылдың желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен бекітілген. Бүгінде есірткі қылмысына қарсы әрекет ету және оның алдын алу – мемлекеттік есірткіге қарсы саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып отыр.

Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күнін қала жастары Алматы қаласындағы Ганди саябағында атап өтті. Антинаркотикалық айлықтың қорытынды кезеңінде «AntiDOPE Fest» фестивалі өтті. Іс-шара Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының, қалалық прокуратура мен Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. Оған мемлекеттік органдардың, құқық қорғау құрылымдарының өкілдері, жастар ұйымдарының мүшелері мен еріктілер қатысты. Фестиваль бағдарламасында спорттық жарыстар өтіп, «Narkostop» жобасына белсене қатысқан үздік волонтерлер мен жеңімпаздар марапатталды.

Алматы қалалық қоғамдық кеңесінің мүшесі Марлен Жақсыбекұлы бұл бағыттағы күреске азаматтық қоғам мен мемлекеттік құрылымдардың бірлесе қатысуының аса маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, қазіргі таңда синтетикалық есірткінің таралуы жастарға үлкен қауіп төндіріп тұрғанын жеткізді. Бұрын ине салудан қорқатындар көп болса, қазір мефедрон сынды есірткіні иіскеу немесе тілге салу арқылы тұтыну жеңіл болғандықтан, оған қызығушылар көбейген.

«Есірткімен күресте тек полиция емес, бүкіл қоғам бірігіп әрекет етуі керек. Мемлекет пен азаматтық қоғам бірлесіп жұмыс істесе ғана нәтиже болады. Бүгінгі жастар бізден де білімді. Тек оларды дұрыс бағытқа бұру – біздің ортақ міндетіміз», – деді ол.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дәурен АСҚАРУЛЫ,
Алматы қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі:

Қоғамның ортақ міндеті

Бұл фестиваль – Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне арналған айлықтың бір бөлігі. Яғни 1 маусымнан 30 маусымға дейін бізде арнайы айлық өтіп жатыр. Оның аясында түрлі акциялар, спорттық іс-шаралар, оқу орындарында, жазғы лагерьлерде лекциялар, семинарлар ұйымдастырылды. Алматыда ғана емес, Қазақстан бойынша өтіп жатыр. Себебі, бұл – халықаралық деңгейдегі үлкен мәселе. Әсіресе, елімізде синтетикалық есірткі кең таралып жатыр.

Мемлекет басшысы да жастар арасындағы нашақорлық мәселесіне ерекше назар аударып отыр. Сондықтан осындай фестивальдер, акциялар өткізіліп жатыр. Мәселен, бүгін Ганди паркінде есірткіге қарсы фестиваль өтті. Өкінішке қарай, көмелетке толмағандар да есірткі қылмысына барады. Мысалы, биыл Алматыда төрт адам ұсталып, біреуі (17 жастағы колледж студенті) сотталды. Көбіне 18–25 жас аралығындағы жастар ұсталып жатыр. Көбі тасымалдаушы ретінде ұсталғандар. Олар оңай жолмен ақша табуды көздейді. Кейбірі «ішінде не барын білмедім» деп ақталады, бірақ олардың барлығы не істеп жатқанын жақсы біледі.

Мұндай қылмыстарды ашуда тұрғындардың көмегі зор. Күмәнді жағдайларды байқап, 102 нөміріне хабарласады. Бұл – тек полицияның ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті. Айлық аясында есірткі жарнамаларымен күресті екі есе күшейттік. Биыл волонтерлер мен полиция қызметкерлерінің көмегімен 8109 наркографити боялды. Тек маусым айының өзінде 2000-ға жуық заңсыз жарнама жойылды. Бұл – полиция, әкімдік және ҰЕҰ бірлескен жұмысының нәтижесі. Ал тек маусым айының өзінде 2000-ға жуық наркографити өшірілді.

Саид ОМАР, ерікті:

Волонтерлік арқылы өз ортамды таптым

Еріктілер ұйымына қосылуыма басқа қаладан жаңа көшіп келуім себеп болды. Өзіме жаңа орта тауып, жаңа мүмкіндіктер ашу мақсат болды. Ерікті болып жүргеніме екі жылдай уақыт болды. Осы аралықта көптеген іс-шараларға қатыстым. Мысалы, Жастар саясаты басқармасының ұйымдастыруымен өткен түрлі жобалар, есірткіге қарсы акциялар, фестивальдер мен сенбіліктерге атсалыстым.

Биылғы антинаркотикалық айлық аясында да белсенді болдым. Нақты айтсам, есірткі жарнамаларын – граффитилерді өшіру жобасын өзім жүргіздім. Полиция қызметкерлерімен бірге заңсыз, есірткі жарнамасы бар жазуларды өшіреміз. Есірткі қылмысына қарсы күресте еріктілердің рөлі өте маңызды. Біз жарнамаларды өшірумен ғана емес, өзіміздің қатарластарымызға түсіндіру, насихаттау жұмыстарымен де айналысамыз. Бұл қылмысқа қарсы иммунитет қалыптастыру үшін қолымыздан келгенше үлес қосуға тырысамыз.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚПЕН КҮРЕС

Алматыда құқықтық көмек апталығы өтіп жатыр

24–28 маусым аралығында қаланың барлық ауданында құқықтық мәдениетті арттыру, заң бұзушылықтың алдын алу және азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған бірқатар іс-шара өтуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтылды.

Апта бойы қала бойынша жылжымалы құқықтық топтар жұмыс істейді. Олардың құрамына прокуратура, полиция, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу департаменті мен әкімдік өкілдері кірген. Азаматтар бұл топтардан тегін құқықтық кеңес алып, өтініш беріп, өз құқықтарын қалай қорғауға болатынын біле алады.

Жылжымалы топ 24 маусым – Алмалы және Бостандық, 25 маусым – Жетісу және Медеу, 26 маусым – Әуезов және Түркісіб аудандарында жұмыс істеді. Бүгін, 27 маусым – Наурызбай және Алатау аудандарында болады.

Сонымен қатар, қала прокуратурасы іске асырып жатқан «Құқықтық дәріхана» жобасы да жұмыс істейді. Бұл жоба аясында аптаның сәрсенбі, бейсенбі және жұма күндері сағат 17.00–20.00 аралығында Dostyk Plaza, MEGA Alma-Ata және Grand Park сауда орталықтарында азаматтарға тегін кеңес беріледі.

«Сенім телефоны» іске қосылды

Кеңес алғысы келетін немесе заң бұзушылық фактілері туралы хабарлағысы келетіндер үшін «Сенім телефоны» да іске қосылған. Жоба аясында ондаған рейд жүргізіліп, тыйым салынған заттарды таратқан жүздеген Telegram-арналар жабылған, 6000-нан астам заңсыз граффити өшірілген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Райымбек ШӘРІПБАЕВ,
Алматы қаласы прокуратура-сының ресми өкілі:

ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫСҚА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІЛМЕК

Акцияның негізгі мақсаты – заңның үстемдігін нығайтып, билік институттарына деген қоғамның сенімін арттыру. Заң – тек ережелер жинағы емес. Ол – тәртіптің негізі, қауіпсіздік пен әділдіктің кепілі. Егер заң бұзушылықпен жедел күрессек, қоғамда «заңмен санасу керек», «заңмен санасқан дұрыс» деген түсінік біртіндеп қалыптаса бастайды.

Прокуратура жастармен жұмысқа да ерекше мән беріп отыр. Осы бағытта «Zhastarmen» Telegram-арнасы арқылы арнайы платформа құрылып, жастарға құқықтық көмек көрсетіледі, есірткіге қарсы кампанияларға қатысуға мүмкіндік беріледі. Қазірдің өзінде бұл арнада 4000-нан астам адам тіркелген. Олар – жауапты, белсенді жастардың бірлестігіне айналып үлгерді.

«Заң мен тәртіп» апталығы – тұрақты әрі қауіпсіз қаржылық орта қалыптастырып, азаматтардың құқықтық жауапкершілігін арттыруға бағытталған кең ауқымды бағдарламаның бір бөлігі ғана. Ұйымдастырушылар қала тұрғындарын белсенді қатысуға, заң мен тәртіпті нығайту жолында бірлесе әрекет етуге шақырады.

қорғауды, алаяқтықтан сақтануды және заңдық білімін арттыруды үйренді.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА

ҚАЗАҚ ДУБЛЯЖЫ

Тіл мәртебесін дамытатын маңызды жоба



Досбол
АТАЖАН

2024 жыл қазақ дубляжы үшін жаңа серпін берген жыл болды. Себебі, бұрын шетелдік фильмдер мемлекет қолдауымен ғана аударылып жүрсе, осы жылы Disney студиясы «Ойжұмбақ 2» анимациялық фильмін алғаш рет өз қаражатына қазақ тілінде дыбыстады. Айта кеткен жөн, әлемде 195 мемлекет пен 7 мыңнан астам тіл болса, кинокомпания жыл сайын фильмдерін тек 30 тілге ғана аударып, ресми дубляжын жасатады. Қазақ тілінің осы санаулы тізімге қосылуы – тіл мәртебесін көтеріп қана қоймай, қазақ көрермені үшін өте маңызды қадам болды. Сондықтан қазақстандықтар бұл жаңалықты жақсы шыраймен қарсы алып, «Ойжұмбақ 2» фильмінің қазақ тіліндегі нұсқасына

жаппай бара бастады. Нәтижесінде Meloman ұсынған мәліметке сәйкес, бұл анимациялық туынды 125 млн. теңге касса жинады.

Сәтті бастамадан кейін Disney студиясы былтыр «Моана 2», «Муфаса. Арыстан патша» фильмдерін, ал 2025 жылы «Ақшақар», «Лило мен Стич», «Элио» кинотуындыларын қазақ тілінде дыбыстауға қаржы бөлді. Сонымен қатар, әлемдік компания биыл «Аңдар шаһары 2» және «Аватар 3» туындыларын қазақ тілінде дыбыстауды жоспарлап отыр. Бұл қазақ тілінің мәртебесі артып, қазақ тілді киноға сұраныс артып келе жатқанын көрсетеді. Енді Disney ғана емес, өзге де голливудтік кинокомпаниялар еліміздің мемлекеттік тіліне қаржы салу үшін қазақ тіліндегі фильмдерге қолдау көрсетуді тоқтатпауымыз керек.

Кино – қуатты идеологиялық құрал. Ол арқылы өз халқыңа да, өзге мемлекеттерге де мәдениетінді, ойынды, тілінді насихаттай аласың. Сондықтан Қазақстан кинофильмдерінен бөлек, көпшілік көрерменді қызықтыратын Голливуд фильмдерінің де қазақша сөйлеуі маңызды. Біз бұл мәселені екі жыл бұрын көтеріп, 2023 жылы шыққан газетіміздің №5 (6298) санында кинокеңістік туралы мақала жариялаған едік. Ол кезде небәрі екі кино: «Аватар: су жолы» және «Қара қабылан: Ваканда жасасын» фильмдері қазақ тілінде дыбысталды және оған мемлекет қаржысы жұмсалды. Сонымен қатар, біз қазақша дубляж жасалған фильмдердің ыңғайсыз сеанс уақытын және сауатсыз жазылған субтитрлерді сынға алған едік. Содан бері өткен екі жылда Қазақстанның қазіргі кино нарығы қандай деңгейге жеткеніне шолу жасап көрейік.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Шах-Мұрат ОРДАБАЕВ,
дубляж режиссері:

Жұмысты тоқтатуға хақымыз жоқ

Disney туындыларына дубляж жасаған кезде көрерменге түсінікті, қолжетімді болу үшін бар күш-жігерімізді саламыз. Қазақ дубляжының болашағы бар. Тіл бізге ғана керек. Сондықтан кейде билет өтпей жатыр екен, сеанс азайып жатыр екен деп бұл жұмысты тоқтатуға хақымыз жоқ. Өйткені, осындай қадамдар арқылы біз тіліміздің келешегін өзгерте аламыз. Әрбір жаңа жоба бұрынғыға қарағанда қызығырақ әрі қиынырақ болады. Жобалардың арқасында біздің де біліктілігіміз өседі.

Мысалы, «Ойжұмбақ» өзінше күрделі болса, «Моана» одан бірнеше есе күрделі. 5 жыл бұрынғымен салыстырсақ, қазір әжептеуір өстік. Бірақ мұның шектеуі жоқ. Көрерменнің қазақтілді фильмдерге қызығушылығы тек өсіп келеді және көрерменіміз талғампаз болып бара жатыр. Ол дубляж саласында жүрген адамдардың әлі де жетілуі керек, әлі де өсуі керек деген сөз. Көрермен талғамы өскен сайын соғұрлым сай болуымыз керек. Жалпы сұраныс бар, бұл қуантады.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

«ӘКЕ ЖОЛЫ – ІЗГІ ЖОЛ»

Алматыда ерекше жоба жүзеге асырылуда



Алматы қаласы Қоғамдық даму орталығының қолдауымен ерекше жоба іске асырылып жатыр. Бұл жоба Қазақстанда отбасы институтын нығайтуға бағытталған маңызды әлеуметтік бастамалардың бірі саналады.

Жоба аясында отбасылық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған диалог алаңы ұйымдастырылады.

Оның мақсаты – қоғамдағы әке бейнесінің маңыздылығын талқылау, ұл балаларды тәрбиелеуде әкенің орны туралы ашық пікір алмасу, тәжірибе бөлісу. Іс-шараға қоғам белсенділері, отбасылық медиа-

торлар, сарапшылар мен жас отбасылар қатысты.

– «Ата көрген оқ жонар» дейді, әке жолы – деген үлкен тәрбие. Одан тәрбие алған адамдар еш уақытта жаман болмайды. Әке мен шеше ешқашан жаман сөз айтпайды. Адам болсын, өсіп-өнсін дейді. Сондықтан жастардан сұрайтыным – көп нәрсеге еліктемей,

әке сөзіне құлақ асқан жөн, – деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр актері Бауыржан Қаптағай.

Айта кеткен жөн, «Әке жолы – ізгі жол» жобасы – отбасы мен қоғамның өзара байланысын нығайтуға, ұлттық тәрбие мен ұрпақтар сабақтастығын сақтауға бағытталған маңызды қадам. Диалог алаңы арқылы қоғам назарын әке рөлінің маңыздылығына аударып, жастардың бойында жауапкершілік пен отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру көзделді.

– Тәрбиеге қатысты 50-ге жуық диссертация қорғалған. Бірақ тап осымен жүрсең, бала тәрбиелеудің сырын білесің деген жауап жоқ. Телефонға табынған заманда балаға 5 минут көңіл бөлуді қалыс қалдырып бара жатырмыз. Балаға күніне кішкене болса да көңіл бөлмеу – дұрыс жолдан сәл болса да ауытқып кетуіне әсер етеді. Осыған назар салу керек. Әкенің айтқан сөзі әрдайым баланың жадында қалады, – деді қауымдастырылған профессор, ф.ғ. кандидаты Ерлан Қасен.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

СПОРТ



АЛМАТЫЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР

Дүниежүзілік шахмат федерациясы бағдарламасы аясындағы дәстүрлі жарыста бас қосты

Алматы қаласының тұрғындары – жасы 50-ден және 65-тен асқан ардагер сеньорлар арасында Дүниежүзілік шахмат федерациясының бағдарламасына сәйкес шахматтан классика бойынша жекелей біріншілік аяқталды.

50-ден асқан шахматшылар айналымды жүйе бойынша сынға түсіп, әйелдер арасында Шолпан Әубәкірова Алматы қаласының жаңа чемпионы атанды. Ерлер арасында Кирилл Карпунин – бірінші, Артур Күшмұханов – екінші, Оралтай Біләлов – үшінші жүлдеге ие болды.

65 жастан асқан ардагерлер швейцар жүйесімен сайысқа түсіп, 9 ойыннан 7,5 ұпай жинаған Берік Тілеуімбетов жеңіс тұғырына көтерілді. Екінші орынды 7 ұпаймен Сатқан Қуанышбеков, үшінші орынды 6,5 ұпаймен Марат Мурзин иеленді. Ал әйелдер арасында Алма Көшербаева қала чемпионы атанды.

Жеңімпаздар Алматы қаласы шахмат федерациясының дипломдары мен медальдарына ие болып, демеушінің ақшалай сыйлықтарымен марапатталды.

– Қаламыздағы ардагер-сеньорларды қолдай отырып, бұл шахмат сайысын жыл сайын дәстүрлі де, кең көлемде тұрақты өткізіп отырамыз, – деді жеңімпаздарды құттықтаған қалалық Шахмат федерациясының атқарушы директоры Серікгүл Нұрғалимова.

Бақдәулет ҚҰМАР.



28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Ермұрат БАПИ:

ДӘСТҮРЛІ БАСПАСӨЗГЕ ДЕН ҚОЯТЫН УАҚЫТ КЕЛЕДІ

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Бұл – журналист қауымының айрықша қарсы алатын, өзгеге емес, өз жағдайын өзі айтатын сәт. Бүгінгі қазақ журналистінің қоғам алдындағы беделі, елге тигізер пайдасы, мәселенің шешілуіне мұрындық болуы өте маңызды. Жаһандану процесінде ұлттық мүддеге қызмет қылу, ұлт тағдыры жолында азаматтық ұстанымын жоғатпау үлкен жауапкершілік. Ақпарат майданында жүрген, сөзі өткір, ісі мығым тілшілердің қазіргі тіршілігі, тұрмыс жағдайы, еңбегінің еленуі еш уақытта назардан шет қалмауы тиіс. Осы аталған ой-пайымдарды тарқату үшін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, белгілі журналист Ермұрат БАПИ ағамызды сұхбатқа тартқан едік.



«Журналистің арқалағаны алтын, жегені жантақ»

– Кәсіби мерекені қалай қарсы аласыз?

– Өзге мамандық иелерінің кәсіби мерекесі сияқты біздің де атаулы датамыз ғой. Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «журналистің арқалағаны алтын, жегені жантақ» деген тұжырымы өте терең мағында айтылған пәлсапалық ой деп білеміз. Атаулы мерекемен өз әріптестерімді құттықтаймын, еңбектеріне табыс, отбастарына бақ-береке тілеймін.

Тілші қоғамдағы ақпарат алқабына өндіріс беретін мамандық иесі. Мәселен, бір күн мемлекет пен қоғам өмірінде ақпарат болмай қалса, соның орнын толтырады. Журналистің мамандығы қоғаммен біте қайнасады. Соның ішінде экономика, ғылым, саясат, өндіріспен тығыз байланысты. Журналист – азаматтығы берік, жұмысына адал, қоғам мен ұлт мүддесін ойлайтын кәсіп иесі.

– Салалық журналистиканы дамыту үшін қайтпек керек?

– Өте орынды сұрақ. Арнайы ЖОО-дағы журналистика саласындағы мамандықтан салалық бөлімдер ашудың аса қажеті жоқ. Ол үшін экономика, медицина, банк, металды өңдеу саласындағы оқып жүргендер арасынан іріктесе жеткілікті. Қазір оған аса бір қажеттілік көрмейміз. Онсыз да журналистер әмбебап болып барады. Керек десеңіз балеттен бастап, микробиология арасында жазатын болды. Қайткен күнде де маманданған журналистер керек. Өйткені, әр саланы терең білетін, сөзі өтімді, шаруасы анық болғаны абзал. Бір саланың ғылым докторы, профессоры, академигімен тең дәрежеде пікірлесіп, бәсекеге түсе алса құбақұп. Бүгінде қаржы, өнер, өнідірс және т.б. бағыттардың түйткілін тарқатып, майын тамызатын мамандар қалыптасып қалды.

Ел дербестігіне 34 жыл уақыт толды. Осы кезең аралығында бәрін жапырып, қатырып тастамасақ та, бірқатар игі істер атқарылып келеді. Журналистика саласында да оң өзгерістер байқалады.

Ең бастысы – азаматтық, адамгершілік позициядан айнымайық

– Дәстүрлі БАҚ өміршеңдігін жалғастыра ала ма?

– Әлбетте! Газет, журнал, телеарна, радио өзінің жұмысын жалғастыра береді. Журналист блогерден әлдеқайда биік тұр. Оның қоғамға, ұлтқа қызметінің қай жағынан алып қарасаң да, салмағы жоғары. Соның арқасында редакция, масс-медиа өзінің рейтингін көтеріп, атағын шығара алады. Келешекте қайсысы қалады деу – гипотетика. Қоғамға екеуі де қажет. Қоғам нақты фактіге құрылған, аргументпен жазылған ақпаратқа түбі сенеді. Блогермін деп хайп қуып, айыпталып, жауапқа тартылғандары бар. Сөйтіп жүріп өз басын күйттеп, авантюрамен айналысады. Олардың артында редакциялық мүдде болмайды. Шынтуайтына келгенде, блогерден зардап шегіп жатқан жоқпыз. Ең бастысы – азаматтық, адамгершілік позициядан айнымайық. Кім болса да бір күндік табысы үшін қоғамды екіге жарып, лаң салмауы керек. Қоғам түптің-түбінде дәстүрлі БАҚ пен баспасөзге ден қоятын уақыт келеді.

Журналистика сапасын білікті кадр көтереді

– Журналистер жағдайы қашан жақсарады?

– Біз Парламентте «Масс-медиа» туралы заңды талқылағанбыз. Мемлекеттік органдардың алдына да мәселе қойдық. Журналистің базинасы заңға кіргенін қаладық. Әзірше журналистің әлеуметтік мәселесін шешу – жеке баспасөз құралдары, редакцияның ішкі ісі болып қалатын сияқты. Бәрінің жағдайын бюджет есебінен шешіп тастау мүмкін емес шығар. Олай болатыны, елде көмекке зәру әлеуметтік топтар көп. Қазір басқа мамандықтан, өзге саладан артық жағдай жасауға мүмкіндік болмай тұр. Бірақ әлеуметтік тұрмыстық жағдайды шешетін уақытқа түптің-түбінде жетеміз.

Капитализмге ерте өткен, нарық заманын игерген АҚШ, Еуропа елдері де әлеуметтік проблеманы түбегейлі шешпеді. Әрине, нарық заманында жекелеген ақпарат агенттіктері, ұйымдар журналистің жалақысына үстемәқы, сыйақы қосып беріп жатса, жылына бір мәрте демалыс орындарына жіберсе, денсаулығына байланысты қаралуға ақы берсе, пәтер алып беріп, жалға алған ақысын төлеп тұрса қуанамыз. Өзіңнің өтімді маман екеніңді дәлелдеу керек. Ұжымда шеберлігіңді көрсете білсең жоғары қызмет, мол мүмкіндікке жол ашылады. Журналистиканың сапасын білікті кадр көтереді.

– Өзіңіздің өмір тәжірибеңізбен бөліссеңіз...

– 1993 «Егемен Қазақстан» газетіндегі қызметім тоқтады. Содан бері жеке шығармашылықпен шұғылданып келемін. Елден жәрдем сұрамаппыз. Бір рет қана Өскеменде облыстық басылымда жүргенде жас маман



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ретінде үш бөлмелі пәтер алғаным бар. Ол заманда үй алу рекорд болатын. Кейін тәуелсіз газеттер пайда болды. Бір оқиғаны айтайын. «Дат» газетінде тілшілердің әлеуметтік жағдайына көмек жасалып тұрды. Редакцияға 25 жылдан артық еңбек сіңірген Кенжетай Айтбөкеевке үй салынып берілді. Сол сияқты, әр редакция өзінің қызметкеріне, атқарған еңбегін елеп, қолдап жатса нұр үстіне нұр.

– Журналистен мемлекеттік қызметкер шыға ма, қазақстандық БАҚ әлемдік деңгейге қашан жетеді?

– Бұл қасаң, кеуіп қалған қағида емес. Журналист нәтижеге еңбектенсе мемлекет және қоғам қайраткері деңгейіне көтеріледі. Кезінде Мұхтар Құл-Мұхаммед әкім, министр, мемлекеттік хатшы, сенатор сияқты түрлі лауазымды қызметтерде болды. Бүгінде Жетісу облысын Бейбіт Исабаев, Абай облысын Берік Уәли басқарып отыр. Сол сияқты, депутаттардың арасында журналист мамандығынан өсіп, келіліп, шеберлігін шыңдап келгендер бар. Міне, көріп отырғандарыңыздай журналист те өз еңбегінің нәтижесінде биік мінберден көрініп, мемлекет қызметін дөңгелете алады.

Қазақ қоғамында қызмет істейтін белді азаматтар бойында қайраткерлік қасиет байқалады. Ол өзінің азаматтық позициясының арқасында қайраткерлік қырын қайрап, ұштайды. Соның арқасында мемлекетшіл тұлға дәрежесіне жетеді. Сол себепті, бұл талап мамандыққа байланысты деп ойламаймыз. Адам дарынының, тұлғалық қасиетінің арқасында өсіп өнеді. Егер журналистен бастық шығатын талап болса жыл сайын 3-4 журналист жоғарғы лауазымға барар еді ғой. БАҚ саласынан атқамінерлердің көптеп шығуы, оның еткен еңбегі, мемлекеттік, саяси қайраткерлігінің жемісі һәм айрықша құбылыс.

Бізде шетелдік БАҚ нұсқалары қалыптасып келеді. Бұған байланысты халықаралық деңгейде қол қойылып, бірқатар істер атқарылып жатыр. Ал енді қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын дүниежүзілік аренаға шығару басқа мәселе. Ол аса қажеттілік тудырмайды. 1995 жылы BBC, CNN үлгісінде «Хабар» агенттігі құрылып, ғаламдық ақпарат айдынына шығару көзделген-тұғын. Кейінен ол Қазақстан дәрежесінде ғана қалды. Қазіргі таңда небәрі 20 миллион ғана халқымыз бар. Қазақ тілінен ары қарай шықсақ әлемге шыға алмай қаларымыз анық. Біз ағылшын, француз, араб тілдерінде хабар тарататын арна болсақ, бірсәрі еді. Бірақ олай емес. Әлемдік БАҚ деңгейіне шығуға қаншалықты мұқтаждық бар? Бұл далбаса мақсат. Меніңше, мемлекет өз халқының ақпаратқа деген қажеттілігін өтеп тұрса жеткілікті. Егер ақпарат агенттігі техникалық мүмкіндіктер арқылы, дүниеге таралып, ғаламды тандандырса ғажап болар еді ғой.

Батылдық пен шеберлік үйлессе, тұшымды дүние шығады

– Бізде өткір жазуға мүмкіндік бар ма?

– Өткір жазудың да бірнеше түрі болады. Жағадан алып жазу деген бар. Қазақта «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деген аталы сөз бар. Тері рас. Әсіресе, блогерлер тарапынан мәселенің мәніне бармай, сөзін өткізіп, аргументі жетпей, ұятқа қалып жатады. Ондайлар қуыс кеуде, желбүйе, желқарын сияқты боп тұрады. Кейде айғайы көп, айтары жоқ тілшілер де табылып қалады. Батыл сөзді аргумент пен фактіні, логиканы ұштастырып айтса, өзекті түйткіл тарқайды. Кейбір журналистердің аргументі, фактісі болып тұрса да бұғып қалады. Мінезінде табандылық жоқтар «атқамінерлер қалай қарайды?», «басшым не дер екен?», «жалғыз маған керек пе?» деп материалын өткізе алмай дал болады. Сондықтан да батылдық пен шеберлік үйлессе, тұшымды дүние шығады.

– Журналистің еңбегін шынайы марапаттау қашан жүзеге асады?

– Өте дұрыс сауал. Әркім өз еңбегінің еленіп, бағаланғанын қалайды. Еткен еңбегіңізге қарай атақ берілгені дұрыс. Бізде парламент, әкімдік, Журналистер одағының және т.б. ұйымдардың сыйлықтары қарастырылған.

Қазақстан Журналистер одағының алтын медалі жылына 4-5 адамға берілетін. Қазір әр облыстан 1 адамға беретін болыпты. Алтын алған соң, соған сай алтын жақұт еңбек болуы қажет. Сонымен бірге, «Қазақстанның құрметті журналисі» деген құнды атақ бар. Әр редакцияда өзін құрметті журналистіпін деп ойлайтын құрығанда 2-3 қазақ болады. Оның баршасына атақ тарата берсең, марапаттың мән-маңызы, салмағы қалмайды.

Марапат, атақ-даңқ тұрғысында біршама дау-дамай бар екендігі ақиқат. Әрине, әділетсіздік болып қалатыны рас. Адалдық орнауы үшін арнайы шығармашылық ашық конкурстар болуы керек шығар. Былай жаса деп ойлаймын. Мысал үшін айтайық, экономика мекемесі экономикаға байланысты әзірленген материалдарға байқау жариялап, қомақты жүлде тағайындаса дейміз. Сол сияқты, білім, қаржы, құрылыс саласына қатысты әр министрлік медаль, төсбелгі берсе құба-құп болар еді-ау.

Бізде Президенттік сыйлықты жылына 4-5 адам алып жүр. Сол сияқты, журналистерді елеп-ескеріп, мерекелерінде марапаттап, сыйлықтың құнын арттыра түссе екен. «Ақшамдықтарды», жалпы журналистер қауымын төл мерекемен құттықтаймын!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

Үш Гүлмира

Өз саласының бағын ашқан бикелер

Қазақ журналистикасының тарихында әр кезең өз дәуірінің сұранысына сай қаламгерлерді тәрбиелеп, ел алдына шығарды. Олардың бірі – өзі тасада тұрып, репортажымен ел есінде қалса, енді бірі – бір ауыз сөзімен-ақ қоғамның тілегін дөп басып, орақ тілімен ерекшеленді. Дегенмен, уақыт өзгеріп, технология жаңарса да, ақиқат іздеген адамзат баласының журналистке деген сенімі еш өзгерген емес. Әсіресе, соңғы отыз жылдың ішінде қазақ журналистикасы түрлі өзгерістерді басынан өткерді. Газеттен интернетке, радиодан әлеуметтік желіге көшкен жаңа формат, сөз бостандығы мен жауапкершілік тепе-теңдігін сақтаудың күрделі жолдары, ақ пен қараны ажыратудың ауыртпалығы – осының бәрі қалам ұстаған әрбір журналистің жеке тағдырына айналды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осы жолда көрермені көзден таса етпей, іздеп отыратын Гүлмира Дайрабай, Гүлмира Әбіқай, Гүлмира Нәлібай есімді ақпарат-арулары БАҚ-тың бағын ашты. «Үш Гүлмира» ҚазҰУ-дың «Журфагының» қара қазанында қайнады. Журналистиканың мәтрі атанған Амандосов, Қожакеев, Мархабаев, Ыдырысов пен Омашевтің дәрісін тыңдап, шыңдалып шықты. Ал осынау үш бірдей бойжеткеннің ел білетін тұлғаға айналуының өзі жәй ғана сәйкестік емес. Үш түрлі тағдыр, үш түрлі көзқарас, үш бағыт болса да, көздегендері, іздегендері – шындық.

Ең бастысы, олар – әйел, ана, қоғам қайраткері ғана емес, журналистикаға деген адалдығын сақтап қалған тұлғаға айналды. Үшеуін де қоғам әртүрлі форматта таныды. Бірі – әдемі әңгімесімен, сырлы сұхбатымен, сұлу сөзімен жүректі тербесе, бірі – ауылдан ақпарат теріп, тасадағы тағдырларды алға шығарды. Бірі – радио мен телевизияның көркіне айналып, әдемі үнімен тереңге бойлады. Бірақ олардың бойындағы үш түрлі бағыт, үш түрлі стиль – бір ортақ миссиямен тоғысып жатты. Олардың ортақ мақсаты – шындықты айту, елдің сөзін жеткізу, адам болмысына адал болу.

Тележурналистиканың
«Томирисі»

Гүлмира ДАЙРАБАЙ. Ол – тележурналистиканың хас шебері. Қаладағы резонансты тақырыптарды емес, жердің шетінде, желдің өтінде отырған қарапайым қазақтың өмірін хабарына арқау еткен қайраткер. Тасадағы тағдырды көре біледі. Ол әкімдер мен министрлерден емес, қарапайым ауыл қазағынан сұхбат алуға ұмтылады. Себебі, шындық – ауылда. Қазақы болмыс – сол жерде. Ол жүрген жер – репортаж алаңы.

Гүлмира Дайрабай – қоғамдағы үнсіз топтардың үнін жеткізуші. Оның хабарының «жаны» бар, құрылымнан гөрі мазмұны басым. Ол жүргізген хабарлар көбіне диалогпен, табиғи сөйлеу мәнерімен өрбиді. Осылайша Гүлмира жүргізген хабарды көре отырып, деректі фильм көргендей күй кешесіз. Сөз қадірін білетін отбасында тәрбие алған Гүлмираның әке жолын қуып журналистиканы таңдауы заңдылық болса керек.

Ақиқат пен аманатқа
адалдық

Гүлмира ӘБІҚАЙ. Қазақ тележурналистикасында өзі нәзік болса да, сөзі салмақты Гүлмира Әбіқайдың орны ерекше. Ол ұзақ уақыттан бері шындықты бүкпесіз айтып, ұлттың мұңын, жұрттың үмітін, ананың көз жасын, мұғалімнің жанайқайын, дәрігердің адалдығын сөз етіп келе жатыр. Шындық іздеп шырылдаған жандар Гүлмирадан көмек күтіп, араша сұрайды.

Журналистиканың қиын да, қызық жанрын серік еткен Гүлмира табиғаттың төрт мезгілінде де тынымсыз жол үстінде жүреді. Көрерменінің аманатын арқалап, талай жолдан өтіп келеді. Ұстаздардың жүктемесі, ауыл мұғалімдерінің жәй-күйі, дәрігерлердің жалақысы, аналар мен жалғызбастылардың әлеуметтік жағдайы, міне, қоғамда бұл мәселелерді Гүлмира алғаш болып өткір көтерді. Оның әр жазбасы қоғам үшін петиция, әр пікірі – бір парламенттік сауалдай әсер етеді. Өйткені, ол шындықты бүкпесіз айта білетін сирек қаламгерлер қатарында.

Гүлмира Әбіқай – соңғы онжылдықта елдің қоғамдық санасына елеулі ықпал еткен санаулы журналистің біріне айналды. Оның әлеуметтік желідегі жазбалары жүздеген мың адамның санасын серпілтсе, бір жазбасы – бір газетке татитын салмаққа ие болды. Бүгінде кейіпкеріміз цифрлық ғасырда журналистиканың беделін тек ақпаратпен емес, азаматтық позициямен де ерекшелеп келе жатқан қаламгер-қайраткер қыздардың біріне айналды.

Оның басты феномені – батылдығында. Ешкімнің ығына жығылып, тайсақтаған кезі және жоқ. Гүлмираның сөз саптауы өткір, сөйлемі шымыр. Ол жазбаларымен де оқырманын ойлантады, оятады. Бірде Гүлмира әлеуметтік желідегі жазбаларының бірінде: «Мектепте су жоқ, интернет жоқ, бірақ есепке қағаз толтырғызады. Бізге нәтиже емес, форма керек пе?», – деп, бүкіл ауыл мұғалімінің арманын бір сөйлеммен-ақ айтып бергені бар.

Әуе толқынында –
Қазақ радиосы

Гүлмира НӘЛІБАЙ. Осынау қаршадай қазақ қызымен өмір жолымыз ҚазҰУ қалашығында тоғысты. Бүгінде танымал тұлғаға айналған Гүлмира Нәлібайдың бауырмал, іші-бауырыңа кіріп, жылы сөзімен баурап алатын қасиеті сол кезден-ақ болатын. Ауылдан келген қарапайым қазақ қызының бойында ізет пен тәрбие, ибалы мінез басым болғандықтан шығар, алғашқы көрген сәттен-ақ тез тіл табысып кеттік. Содан күні бүгінге дейін апалы-сіңілі болып араласып келеміз. Біз білетін Гүлмира қазір еліне кеңінен танылған радиожүргізуші. Әуе толқынына әуен қосып, сандуғаш үнімен талай жанға қуаныш сыйлап жүрген Гүлмира екенін даусынан-ақ тануға болады. Журналистиканың мәдени, рухани тереңдікке негізделген бағытын ұстанып келеді.

Радио мен телевизиядағы жүздеген сұхбаты, ұлттық құндылықтарды дәріптеген материалдары, тіл мен дін, тәрбие мен парасат жайлы ойлары – оның қаламының ғана емес, көкірек көзінің де тереңдігін танытады. Гүлмираны мынау асығыс заманда асықпай сөйлеуге үйреткен ұстаз деуге болады.

Оның жүргізген әр хабары жан-дүниеңе ой салып, жүрегінді тербейтін рухани публицистика. Өз саласының нағыз шебері ақпараттың жылдамдығына емес, сөздің салмағына сенеді. Ол – радио арқылы эфирлік мәдениетті қалыптастырғандардың бірі. Мақпал үні тыңдаушыны тыныштыққа жетелейді, сөзі – оқырманды ойландырады. Радиожурналистиканы тек жаңалық тарататын құрал емес, қоғамды тәрбиелейтін орта екенін дәлелдеп берді. Ұлттың келешегі – тәрбиеде, тәрбие – сөзде, сөз – журналистикада екенін дәлелдеп келе жатқан қайраткер қыздардың бірі.



ОЙТҮРТКІ

САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА –

медианың жаңа бағыты

Езіміз болашақ журналистерді әзірлейтін салада қызмет ететіндіктен, жыл сайын жастардың медианың қай тармағына да көбірек қызығатынын тамыршыдай бағамдап, мониторинг жасап отырамыз.

Медиаға, интернет журналистикаға, мобилографияға қызығатындар қатары, әсіресе, жастар арасында жыл өткен сайын артып келе жатқанымен, өкінішке орай, басым бөлігінің телевизияға көбірек бүйрек бұратыны ойлантады. Газет, радио журналисі болғысы келетіндер өте сирек. Бұл нені білдіреді? Мұны жастардың көгілдір экран арқылы елдің назарында жүрер «тележұлдыз» болуға құмартып, арзан дүние ұсыну арқылы «тик-токер» болып алып, лайк, хайп қуып, журналистің нағыз абыройлы кәсіп екенін жете түсінбеуінде деп ойлаймын. Сондықтан біз төрт жыл бойы қазіргі медианың жаңа мамандықтары – мобилограф, таргетолог, SMM, PR сияқты кәсіптерге, сонымен қатар, газет пен радиоға қызықтыратын контенттерде білім беруге тырысамыз. Осы мақсатта көбіне медиа саласында қызмет етіп жүрген, былайша айтқанда, журналистиканың қазанында қайнап жатқан тәжірибелі мамандарды көбірек дәріс беруге шақырып, тікелей өндірісте (телеарнада, газет редакциясында) дуалды оқыту арқылы студенттердің тікелей индустрияға барып білім алуына жағдай жасап, жастардың дәстүрлі журналистикаға қызығушылығын оятуға талпынамыз.

• Бүгінгі журналистика, сөз жоқ, жаңа медиа бағытында дамып жатыр. Дата журналистика, мәдени коммуникация, конвергентті журналистика, салалық журналистика – медианың жаңа бағыттары. Мұны оқытпасақ, заман көшінен кейін қалып қоямыз. Бір жағынан, ақпараттық журналистикаға толықтай көшеміз деп, жастардың жазу қабілетінен айырылып барамыз.

Қазіргі БАҚ қоғамдағы өзекті мәселе ретінде атыс-шабысты, кісі жоғалуы мен адам өлімін таңдап жүр. Бұлардың жаңалықтар лентасында алғашқы лекке шығып кететіні сол. Ал шын мәнінде өзекті мәселені салалық журналистикадан іздеу керек. Елімізде экономика, экология, медицина, спорт, мәдениет тақырыбында індетіп жазатын журналис-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

тер азайып барады. Іргеміздегі көршілеріміздің ақпараттық кеңістігіне көз салсаңыз, салалық журналистиканы айтпаған күннің өзінде, нақты бір салаларға арналған газет-журналдар, сайттар мен телеарналар жұмыс істейді. Тіпті таза әскери, медициналық бағытта хабар тарататын телеарналар бар.

Бұдан басқа, ғылыми-техникалық жаңалықтардан жан-жақты ақпарат тарататын телеарналар да жұмыс істейді. Алдағы уақытта, тұтастай салалық ақпарат кеңістігін құрмасақ та, медицина, ғылым саласын індетіп жазатын журналистер шоғырын қалыптастыру керек. Өзіміз білім беретін оқу орнының оқу жоспарына салалық журналистерді бағыттап әзірлеу үшін «Спорт журналистикасы», «Экожурналистика», «Педагогикалық журналистика», «Құқықтық журналистика», «Медициналық журналистика», «Арт-журналистика», «Жергілікті журналистика» сияқты пәндерді енгізіп, оқытып жатырмыз. Қазірдің өзінде өз тақырыбына қызығып жүрген студенттер Ютубтан арнайы каналдар ашып, салалық журналистикаға біртіндеп бой алдыра бастады. Өзекті мәселені, міне, осы жастар көтеріп жүр.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
Халықаралық ақпараттандыру
академиясының академигі.



КӨНІЛ КҮНДЕЛІГІ

ТІЛШІЛІК ПЕН ТІРШІЛІК

БАҚ – қоғамның айнасы. Ақпарат – бұл тұтас идеология. Ұлт игілігіне қолданаңыз – өркендетеді. Ал пропагандамен айналыссаңыз құрдымға жібереді. Журналистика – 46 мамандықтың бастауында тұр екен. Дәлірек айтқанда, қоғам, әлеумет, саясат, экономика, ғылым, өнер, білім деп бөліне береді. Елге жаңалық жеткізетін, ұлттық идеологияға жұмыс жасайтын бірден-бір сала. Халық арасында бейресми төртінші билік аталатыны тектен-тек болмаса керек-ті. Қазір Instagram, Facebook, Tik-Tok, WhatsApp сияқты әлеуметтік желінің, блогерлердің, ЖИ-дің дәурені жүріп тұр. Жаһандану тұсында дәстүрлі журналистиканың тағдыры алаңдатады. Осыған орай, білікті мамандардан сауалнама алған едік.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ауылда журналист болуды армандайтынбыз. Соның ішінде баспасөзде істеуді қаладық. Бірақ ҰБТ кезі қиын болды. Әртүрлі саланың басын шалдық. Алайда, нәтиже төмен. Бір күні сынып жетекшім Сәулет апайдың өтініші бойынша «Өзін-өзі тану» пәнінен сабақ беретін Өтепберген ағай өмірлік жөн сілтеді. Содан бастап қазақ тілі мен әдебиетін бейіндік пән ретінде таңдап, журналистикаға бет алдық. Түркістаннан жоғары білім алып шықтық. Қасиетті Ахмет Ясауи универсиетінде Сейдолла Садықов, Қуандық Оразбекұлы, Бекжігіт Сердәлі, Асхат, Ғалымжан, Нақып сияқ-

ты ағайларымыз бен Әлия, Гүлнара, Жанар, Әтіргүл апайларымыздың арқасында білім мен тәрбиені бойымызға сіңірдік. Бізді оқытып, үлкен өмірге, мамандыққа дайындаған ұстаздарға мың рахмет!

Алматы – алып шаһар. Мұнда күн кешу оңай емес. Мегаполисте ешкімді танымаймыз, қала бейтаныс. Құдды бір шетелде жүргендейміз. Сөйтіп, Желтоқсан 175 мекенжайына бардым. Сонда Қазақ газеттері ұжымы отырады екен. Сөйтіп жүріп алғаш танысқан адам «Ақиқат» журналының бас редакторы, ақын Аманхан Әлім ағамыз. Өзі нағыз жастарға жанашыр жан. Бірден сөзіміз жарасып, кейіннен жиі-жиі мақала апарып тұрдым. Маған ойынды Абай, Пушкин

кин сияқты ғаламдық тұлғалардың сөзімен тұздықта, сол кезде мейлінше өтімді шығады деп материал әзірлеуге үйретті. Өзінің өмір тарихын, қиыншылық кезеңдерді, қазіргі заманды, болашақты айтып, әңгімелеп отыратын. Өзінен жоғары басшы болған соң, жұмысқа ала алмады. Алайда, ағалық қамқорлығын, жылы сөзін аямады. Сонымен қатар, «Үркер» журналына да мақала жазып тұрдым.

Бірде Қазақ радиосының Алматыдағы бөлімінің жетекшісі Бақыт Жағыпарұлы ағамызбен таныстым. Ол кісі де нағыз жанашыр адам екен. Маған ғылымға баруға жөн сілтеді. Ал ғылымда академик Кенжехан Ісләмжанұлы жетекшілік етіп келеді. Тілін алдым, қор болмадым, тәубе! Өзім ынталанып, ақын Батырхан Сәрсенханнан аудио сұхбат жазып радиоға апардым. Десе де, тәжірибем аз болып, дауыс ырғағым келмеді. Оның соңына түсіп қумадым. Мүмкіндік бергеніне рахмет.

Алматыдағы барша БАҚ құралдарын кездім. Ақыры 2-3 жыл бойы қаламақыға жазып жүріп, «Алматы ақшамына» тілшілікке қабылдандым. Әріптес ағаларымыз дәстүрлі журналистиканың қырсырына қанықтырып, еңбекке тартты. Жазуымды күзеп, түзеді. Осылайша ақпарат, ғылым саласына еніп кеттім. Қолдау көрсеткен қамқоршы асыл жандардың бәріне мың да бір алғыс!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қуандық ОРАЗБЕКҰЛЫ,
Қазақстанның
құрметті журналисі:



Әмбебап болу –
заман талабы

Журналистика – айрықша мамандық. Үнемі ізденіс, әрқашан қарбас. Қоғамдағы өткір мәселеге араласады. Билік пен бұқара арасындағы алтын көпір. Журналист жабық есікті қағуы керек. Әмбебап болу – заман талабы. Өйтпесе, күн көру қиын, тұрмыс шыдатпайды. Білгенге ақша деген адамның аяғының астында. Ең бастысы, ақылмен теріп алу керек. Тек мамандықты ойлап, отбасын қалтарыста қалдыруға болмайды. Жанұяның жағдайын түзеп, бірнеше істі қатар атқарып, мүмкін болса ғылыми дәреже қорғап алған дұрыс. Кейін тәжірибені жастарға үйретесіз. Ұдайы болашақты ойлап, ақылмен іс қылған жөн.

Журналистке керегі – адамгершілік. Жазған мақалаларыңа қарап-ақ сенің қандай адам екеніңді оқырмандарың шамалап отырады. Келесі керек қасиет – ізденімпаздық. Журналист өмір бойы әлі ешкім естімеген, ешкім білмейтін жаңалықты тауып, өзі бірінші болып жариялауға ұмтылады. Мықты журналист болмасаң да саған ауадай қажет нәрсе – оперативтілікпен астасып жатқан еңбекқорлық. Мықты журналист – әділ болады. Қандай жағдай болмасын, әділдіктен аттамауың керек.

Сейдолла САДЫҚОВ,
Журналистер одағы
сыйлығының
лауреаты, профессор:



Адал болған
абзал

Елін, ұлтын шын сүйетін, бойында ұлттық рухтың ұшқыны бар журналист елінің патриоты болады. Осындай журналистер ұлттық мүддеге қызмет ету ұстанымын берік ұстанады. Кеңестік дәуірде Ш.Мұртаза, К.Смайылов, С.Әшімбаев, бертін келе Б.Құранбек ұлттық мүдде туын асқақтата көтерді. Қазір журналист-ақын, депутат Қазыбек Иса тіл мәселесін тайсалмай көтеріп, шырылдап жүр.

Ең алдымен, жас журналистің өзінің қызмет ауқымын, саласын, тақырыбын таңдай білуі маңызды. Оның туы – Әділеттілік пен Адалдық болуы міндет. Демек, Адам, адам болғанда да Нағыз Адам болуы тиіс. Мұның жас журналистерге тікелей қатысы бар. Жалданбалы журналист дегенді түсінбеймін. Журналист – блогер емес!

Біз шағын ауылдың жеткіншектері, 4-5-сыныптардан бастап «Батырлар жыры», «Ертегілер», «Мың бір түн», «Аңыз әңгімелер» сияқты кітаптарды көп оқыдық. 1960–1970 жылдары балалар мен жасөспірімдердің көпшілігінің қолынан кітап түспейтін. Әсіресе, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин романдарын құныға оқыдық. Б.Бұлқышев, С.Ерубаев, М.Иманжановтардай болуды армандадық, солардай жазуға талпындық. Бұл бізді тілшілікке, журналистикаға бастады.

Дәстүрлі журналистиканы жаңғыртуымыз керек. Аудандық, қалалық газеттердің мүшкіл жағдайын қалай түзетеміз? Журналистердің жалақысы, қаламақысы мәселесі қашан шешіледі? Бұл да басы ашық тақырып.



КӘСІБИ ЕҢБЕК АДАМЫ

халықаралық стандарттарға сәйкес білім алады

Бүгінде еліміздегі өзекті мәселелердің бірі – кәсіби жұмысшы мамандарды даярлау. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар баршылық. Бұрынғы техникум, кәсіби-техникалық училищелер колледждерге айналып, оқу орындары түрлі жұмысшы мамандықтарын дайындайды. Мемлекет өз тарапынан оларға барынша жағдай жасауға тырысуда. Қазақстанның барлық аймағында кәсіби жұмысшылар дайындайтын колледждердің жұмысы жандандырылуда. Ендігі мәселе сұранысқа ие мамандарды дайындап, өндірістердегі жұмыс орнын толтыру. Қазір шағын және орташа бизнес секторында өндіріс өріс алып, тәжірибеден өткен маман-жұмысшыларға сұраныс артып отыр. Осы бағытты дамыту колледждерге міндеттелген кезек күттірмейтін мәселе.

түрде өндірістік тәжірибемен ұштастырыла жүргізіледі.

Білім ордасының өз оқу-өндірістік шеберханасы бар. Студенттердің тәжірибеден өтуі, оқу орнын бітірген бойда кәсібі бойынша жұмысқа орналасуы үшін Алматыдағы барлық дерлік өндіріс орындарымен келісімдер жасалынған. Олардың қатарында «Сайман» корпорациясы ЖШС, «Алматы электр-механика зауыты», «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Алматы жылу желілері» ЖШС, «АлматыЭнергосбыт» ММК, «Алматы Су» ММК, «Іскер Газ» ЖШС және т.б. бар. Өндіріс орындарындағы тәлімгерлерді ынталандыру мақсатында тәжірибеден өткен әрбір студент үшін төлем қарастырылған.

Шетелдік тағылымдама: халықаралық тәжірибені меңгеру

Алматы қаласының білім беру жүйесін дамытудың 2023–2030 жылдарға арналған Жол картасы негізінде шетелдегі оқу-өндірістік базасында 18 қызметкер халықаралық тағылымдамадан өткен. 2023 жылы 2 арнайы пән оқытушысы – Бразилияда, 2 арнайы пән оқытушысы, 3 оқыту шебері – Германияда тағылымдамадан өткен. 2024 жылы оқытушылар Венгрияда, Словенияда, Австрияда, Германияда тағылымдамадан өтіпті.

2023-2024 оқу жылынан бастап Алматы электр-механика колледжі Германияның Магдебург қаласындағы «Janser Consult GmbH» көпсалалы консалтингтік компаниясымен ынтымақтастық орнатыпты. Осы ынтымақтастық аясында 2024 жылдың қыркүйек айында Германияның бірнеше жетекші компанияларымен меморандумға қол қойылып, халықаралық өзара ықпалдастықты дамыту басталды. Серіктестік мақсаты – шетелдермен байланыс орнату, заманауи технологияларды игеру, кәсіби біліктілікті арттыру және халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру.

Осының негізінде шетелде тағылымдамадан өтуге барлығы жиырма білім алушы іріктеліп, шетелдік компаниялармен келісім-шарт жасалған. Олар 2025 жылдың басында Германияда 45 күндік тәжірибеден өтіп келді. Жатын орындары тегін болды және оларға 1500–1700 евро көлемінде шәкіртақы төленген. Алматылық шәкірттер шетелдік тағылымдамадан өте жақсы өтіп, тоғыз білім алушы «AMP LEUNA GmbH SITEX Textile», «Hans Kupfer Sohn GmbH», «Actmemium Gegele Mitte GmbH», т.б. компанияларға жолдама алыпты. Бұл дегеніңіз, Қазақстанның кәсіптік білім беру саласы халықаралық деңгейге шықты деген сөз. Қарапайым еңбек адамының кәсіби жұмысшы мамандығын игерудегі жетістігін осы тәжірибеден көруге болар.

Еңбек адамдары әдетте еңбек демалысын жаз маусымында алуға тырысады. Өз демалысын мектеп жасындағы балаларының жазғы демалысымен үйлестіреді. Кәсіподақ ұйымының да жұмысы осы бағытта ұйымдастырылады.

Бұл, әрине, елімізде салалық кәсіподақ қозғалысы жұмысының дүрыс жолға қойылғандығының көрінісі. Мақалада кәсіподақ ұйымы бар мекеме үлгісінде еңбек адамын әлеуметтік қорғаудың деңгейін көрсетуге тырыстық. Мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін еңбек адамына кәсіподақтар тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдау бар.

Өкініштісі, жеке бизнес секторында кәсіподақ қозғалысы мүлде дамымағандықтан, бұл салада еңбек ететін азаматтарды әлеуметтік қолдау мен қорғау, оларға көмек беру мәселесіне көңіл бөлу – күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Құрбан айтта кәсіподақ ұйымы 20–25 қой құрбандық шалып, цехтарға таратады. Энергетика саласынан зейнетке шыққан ардагерлерімізді де ұмытпай, кәсіби мерекелеріне тұрақты түрде сыйақы беріп тұрамыз.

Биылдан бастап еңбек демалысына кеткен әрбір қызметкерге қосымша бір айлық көлемінде ақшалай көмек (денсаулық-шипажай көмегі) беруге қол жеткіздік. Жаз маусымында еңбеккерлерімізді кәсіподақ жеңілдігімен Алакөлдегі, Шонжыдағы ыстық су, т.б. демалыс орындарына үш күндік демалысқа алып барамыз. Жыл сайын 1 қыркүйекте қызметкерлеріміздің алғаш мектепке баратын балалары болса мектеп жабдықтарымен көмек көрсетіп, ата-аналарына бір күндік әлеуметтік демалыс беріледі. Өндірістік кәсіподақ ұйымы тарапынан қызметкерлерге осындай әлеуметтік көмектер жасалады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«ЖАҢА ЖАҒДАЙ – ЖАҢА МҮМКІНДІК»

Бизнес колледж жатақханалары жаңа оқу жылына дайын ба?

Алматы мемлекеттік бизнес колледжі БАҚ өкілдеріне арнап, «Жаңа жағдай – жаңа мүмкіндік» атты баспасөз турыын ұйымдастырды. Сондай-ақ, бұл күні АМБК жатақханасының ауласында жаңадан салынған спорт және воркаут алаңының салтанатты ашылуы болды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жатақхана тек тұратын жер емес – даму алаңы

Осы іс-шара аясында «Аспаз» және «Наубайшы» мамандықтары бойынша білім алған түлектер демонстрациялық емтихан тапсырды. Олардың практикалық дағдыларын бағалау жатақханадағы «Наубайшы шеберлігі» құзыреттілігі бойынша ашылған «Құзырет орталығы» филиалының базасында өтті. Оқу ордасының қабырғасында білім алған түлектер өздерінің тәжірибелерін сынға салды. Нағыз өндірістік ортада өткен емтихан студенттерге өздерінің сенімділігін, нақтылығын және кәсібилігін көрсетуге мүмкіндік берді. Олардың дайындаған тағамдары мен пісірген нан өнімдері оқу ордасынан алған білім мен тәжірибенің жемісі екенін танытты.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту – мемлекеттік білім саясатының маңызды басымдықтарының бірі. Жастарды тек сапалы біліммен ғана емес, қолайлы, қауіпсіз және жан-жақты дамуға бағытталған өмір сүру ортасымен қамтамасыз ету – күн тәртібіндегі негізгі міндеттердің бірі. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан «Жас маман» жобасы аясында Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде 3 құзыреттілік орталығы ашылып, оқу-өндірістік үдеріс заманауи технологиялармен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген еді. Сонымен қатар, әлеуметтік серіктестердің қолдауымен колледждің жатақхана базасында тағы да қосымша құзыреттілік орталығы құрылды. Бұл орталық жатақханада тұратын студенттерге өз мамандықтары бойынша өндірістік тәжірибеден өтуге, кәсіби дағдыларды меңгеруге және білімін нақты тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Іс-шара барысында аталған орталықта колледж түлектері өз мамандықтары бойынша демонстрациялық емтихан тапсырып, кәсіби дайындық деңгейін іс жүзінде дәлелдеді.

Жатақхана ауласында ашылған бұл алаң футбол мен волейбол секілді командалық ойындарға, сондай-ақ күнделікті дене шынықтыру жаттығуларына арналып отыр. Сәтін салса, орталық студенттердің салауатты өмір салтын ұстанып, бос уақыттарын белсенді өткізуіне және әлеуметтік бейімделуіне бағытталатын болады.

Студенттер жатақханасының барлық бөлмелерінде душ, жаңа желдеткіштер орнатылған. Ағымдағы оқу жылының басында қосымша 30 ішкі және сыртқы бақылау камералары, сондай-ақ Face-ID жүйесі бар турникет қойылды. Қауіпсіздік кабинетінде дауыс зорайтқыш, дабыл ретінде және т.б. қолданылды. Қазіргі уақытта ғимараттың есік пен терезе тұтқаларының механизмдерін ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Студенттердің жатақханада тұруы үшін барлық жағдайлар жасалған. Мұндағы барлық бөлмеде жиһаз, кереует, үстел, орындық, айна, киім-кешек шафтары бар. Сонымен қатар, барлық қабаттағы асханалық бөлмелер толық жабдықталған. Онда газ плитасы, тоңазытқыш, микротолқынды пештер қойылған. Жалпы, студенттердің тамақ дайындауына толық мүмкіндік жасалған. Сондай-ақ, барлық қабатта демалыс бөлмесі бар, онда студенттер шахмат, дойбы ойнайды. Жатақханада медбике отыратын арнайы бөлме бар. Әр қабаттың старостасы кезекшілік кесте бойынша асүйді тазарту, бөлмені тазарту сияқты жұмыстардың орындалуын қадағалап отырады. Таза бейсенбі өтеді.

Іс-шара барысында колледж басшылығы «Жастар рухы» жастар қанатымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Меморандум аясында колледж студенттерінің азаматтық, кәсіби және көшбасшылық әлеуетін арттыруға бағытталған бірлескен жобаларды жүзеге асыратын болады.



Нұрлан
СҮЙІН

Теория мен тәжірибе алаңы

Алматы электр-механика колледжінің басым бағыты – жұмысшы мамандарын дайындау, еңбек адамының мәртебесін арттыру. Оқу орны директорының міндетін атқарушы Ажар Байділдаеваның айтуынша, алғашында «Кәсіптік оқыту орталығы», кейіннен Алматы қаласы Білім басқармасы КМҚК «Алматы электр-механика колледжі» болып құрылған екен.

Бүгінде колледжде 102 қызметкер жұмыс істейді, 860 білім алушы бар. Колледж оқушыларды 9 және 11-сыныптан кейін мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға қабылдап, кәсіби мамандар дайындайды. Білім алушылар үлгеріміне қарай шәкіртақы алады. Әлеуметтік көмек ретінде ыстық тамақпен қамтылған. Шәкірттерге елуден астам өндірістік оқу шеберлері, оның ішінде ғылым кандидаттары, магистрлер, педагог-зерттеуші, педагог-модераторлар дәріс береді. Теория міндетті

Кәсіподақ

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ПЕН ҚОЛДАУ

еңбек адамының мүддесін қорғаудағы маңызды бағдар

Әлеуметтік мәселе – біреулер айтатындай «Отбасы – ошақ қасы» ғана емес, одан әлдеқайда кең ұғым. Әсіресе, еңбек адамдары үшін. Елде шағын және орта бизнес қанат жайған қазіргі заманда мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін еңбек адамын әлеуметтік қолдаудың бір бағыты – салалық кәсіподақтар.

Негізі дербес кәсіподақ ұйымы болып, салалық кәсіподаққа қосылу үшін мекемеде бес жүзден астам еңбеккер болуы керек. Мысалы, АлЭС-ке қарайтын бұл Жылу энергетика орталығында жеті жүзден астам қыз-

меткер бар. Солардың дені – кәсіподақ мүшелері.

Астанадағы «Қазақстан энергетика саласы қызметкерлерінің салалық кәсіподағына» (Қазэнергкокәсіподақ) қарайтын болғандықтан кәсіподақ ұйымы мекемемен «ұжымдық келісім» негізінде жұмыс жасайды. Кәсіподақ ұйымы өз жұмысшыларымыздың, олардың он бес жасқа дейінгі балаларының мүддесін қорғайды. Еңбек адамы алаңсыз жұмыс істеуі қажет, оның еңбек демалысы, мерейтойы, балаларының жазғы демалысы – кәсіподақ ұйымының еншісіндегі мәселе. Басты қағидат осы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гуля ЖАҚАЕВА,
АлЭС ЖЭО-2 Кәсіподақ ұйымының төрайымы:

– Біздің кәсіподақ ұйымы үшін жазғы маусым жұмыстың қызатын кезі. Алатау баурайында жазғы балалар лагеріміз бар. Біз соны дайындауымыз керек. Жұмысшыларымыздың он бес жасқа дейінгі балалары сол демалыс лагерінде кәсіподақ арқылы жеңілдікпен, жаз маусымының үш кезеңінде демалысын өткізеді.

Мекемеміздің өз балабақшасы да бар. Соған кәсіподақ мүшелері балаларын, немерелерін 50% жеңілдікпен бере алады. Жазғы демалыс лагерінде де кәсіподақ мүшелерінің балалары жеңілдікпен демалады. Кәсіби мереке – Энергетиктер күні, сондай-ақ 8 наурыз, Наурыз мерекесі, Отан қорғаушылар күні, тағы басқа да айтулы күндерде кәсіподақ тарапынан түрлі марапаттар ұйымдастырылып, жұмысшыларға сыйақылар беріледі.



ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Мектеп оқушылары үшін қызығы мол жазғы демалыстың уақыты басталып та кетті. Жалпы, жыл бойғы үздіксіз оқумен, тынымсыз ізденістен соң, кез келген баланың ағзасы демалысты қажет ететіні табиғи заңдылық. Дәрігерлер де қазіргідей ақпараттар ағынына толы қоғамда баланың бір ауық таза ауада, қаланың шулы ортасынан алыста демалғанын жөн көреді. Алматы қаласының әкімшілігі биыл оқушылардың жазғы демалысының маңызды өтуіне ерекше мән беріп отыр.

Биылғы жылы Алматы қалалық әкімшілігі балалардың жазғы демалысына қомақты қаражат бөліп, балалардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін біршама іс-шаралар ұйымдастырып отыр. Қалалық Білім басқармасының басшылығы мен барлық мектеп басшылары жазғы демалыс басталмай тұрып, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізген еді. Онда балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығына қатысты сақтық шараларын сақтау мәселесі қатаң ескертілді.

Сонымен қатар, мұндай түсіндіру жұмыстары сауықтыру-демалыс орталықтарында балалармен жұмыс жүргізетін педагогтармен де жүргізіліп, олардың міндеттері баса айтылды. Өйткені, бірінші кезекте, балалардың өмір қауіпсіздігі тұрғандықтан, жауапкершілікті терең сезіну – кім-кімге де жауапты міндет. Биыл қала сыртындағы лагерьлерге 2900-ден астам бала барады. Он күнге созылатын демалыстың алғашқы кезегінде 200 ерекше білім беруді қажет ететін балалар, әлеуметтік аз қамтылған отбасы мен көпбалалы отбасы балалары және 200 ата-ана қамқорынан тыс қалған бала бар. Сонымен, биыл да Алматының



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

8 ауданында тұратын мектеп оқушылары өздерінің жазғы демалыстарын тиімді етіп өткізіп жатыр. Бұған қоса, оқу жылы аяқтала салысымен, қала мектептерінің жанынан ашылған 1–4-сынып оқушыларына арналған жазғы лагерьлердің жұмысы да қызу жүріп, сәтімен аяқталды. Бүлдіршіндер қаламыздың көрікті жерлеріне саяхаттап, мұражайлар мен саябақтарды аралады. Мектеп жанындағы лагерьлер бір мезгіл ыстық тамақпен де қамтылды.

Сонымен қатар, 40-тан астам білім беру ұйымында 8094 оқушыны қамтитын аула клубтарының да жұмыстары жүйелі түрде жүріп жатыр. Баланы бір мезгіл еңбекке баулыған да жөн. Ата-аналардың өтінішімен 3470 бала еңбекке баулу (абаттандыру және көгалдандыру, мектеп

орман шаруашылығы бригадалары) жұмыстарына тартылды. Биылғы жазда қала балаларының 46116-і ата-аналарымен туристік саяхатты бастап та кетті. Қала маңындағы сауықтыру-демалыс орталықтарында балалар таза ауамен демалып қана қоймай, қоршаған ортаны қорғауды да үйренетін болады.

Сондықтан бес мыңнан астам баланы қамтитын қала маңындағы экологиялық лагерьлер жұмысының маңыздылығы да осында болып тұр. Қалалық Оқушылар сарайы, 8 аудандағы Оқушылар үйлерінің жұмысы жаз бойы жалғаспақ. Оларда демалыспен қамтылған балалардан өзге үйірмелерге баратын балалар да бар. Жазғы демалыстың бір күні де бос өтпейтін сыңайлы.

ЖАС ТҮЛЕК

ТАЛАБЫҢ ОҢ БОЛСЫН, ТАЛАПКЕР!

Қазір еліміздегі ЖОО-ға түсетін талапкерлер үшін ҰБТ емтиханы 46 орталықта өтіп жатыр. Ағымдағы жылдың 16 мамырында басталған бұл сынақ 7 шілдеге дейін өтеді. Сонымен қатар, грантты тағайындау конкурсы шілденің 13-і мен 20-сы аралығында өтеді.

Биыл да талапкерлерге ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең үздік нәтижемен грант конкурсына қатысу мүмкіндігі беріліп отыр. Мәселен, 2025 жылы 217 мыңға жуық талапкер оқу бітірсе, олардың 183 мыңы ҰБТ-ға тапсыруға өтініш берген еді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда тест тапсырушылар санының 30 мыңға артқанын көрсетеді.

Жергілікті атқарушы органдар, Денсаулық сақтау, ІІМ, ЖОО мен Білім басқармалары өкілдерінен жасақталған аймақтық мемлекеттік комиссиялар құрылды. Аталмыш комиссиялар қоғамдық тәртіпті, өрт қауіпсіздігін сақтау, антитеррористік шараларды қамтамасыз ету, сондай-ақ медициналық қызмет пен психологтардың тұрақты кезекшілігін ұйымдастыру жұмыстарын атқарып жатыр. ҚР Цифрлық даму министрлігі ҰБТ уақытында аймақтық тестілеу орталықтарын үздіксіз интернетпен қамтамасыз етуде.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, грантты тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау шілденің 13-і мен 20-сы аралығында жүргізіледі. Оның нәтижесі 10 тамызға дейін жарияланып, грант иегерлері белгілі болады. Жоғары оқу орнына тіркелу 25 тамызға дейін жүргізілмекші.

КҮНТІЗБЕ

ШІЛДЕ

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				

ШІЛДЕДЕ ҚАНША ДЕМАЛЫС КҮНІ БАР?

Биыл мемлекеттік мереке-Блердің бірі – Астана күніне орай қосымша демалыс беріледі. Еліміз Астана күні мерекесін 6 шілдеде атап өтеді.

Ағымдағы жылы 6 шілде жексенбіге сәйкес келетіндіктен, демалыс күні 7 шілдеге ауыстырылады. Сондықтан қазақстандықтар қатарынан 3 күн демалатын болады. Бес күндік жұмыс аптасындағылар үшін – 5, 6 және 7 шілде (сенбі, жексенбі, дүйсенбі) – демалыс күндері.

Алты күндік жұмыс аптасындағылар үшін – 5 шілде (сенбі) жұмыс күні. Ал 6 және 7 шілде (жексенбі және дүйсенбі) – демалыс күндері болып есептеледі.

Осылайша шілде айында бес күн жұмыс істейтіндер үшін 9 күн демалыс, 22 күн – жұмыс күні. Ал 6 күн жұмыс істейтіндер 5 күн демалып, 26 күн жұмыс істейтін болады.

БАЙҚАУ

Алатау ауданындағы №78 бөбекжай-балабақша ұжымы «Дәстүрімнің балқаймағы – әжелер» атты балабақша әжелері арасында байқау өткізді.

Самал Сіматрова басшылық етіп отырған балабақшаның тәрбиешілері мен ата-аналары бастамасымен ұйымдастырылған бұл іс-шара өте мазмұнды, тағылымды болды. Байқау мақсаты – балаларды ұлттық мәдениетпен, отбасылық құндылықтармен таныстыру. Балабақша бүлдіршіндері әжелер арқылы өз тарихын, дәстүрлерін және отбасылық байланыстың маңыздылығын түсінді.

Әжелердің әрбір әңгімесі мен үйреткен ойыны – балалардың жадында отбасылық дәстүр ретінде сақталатын болады. Әжелер бүлдіршіндерге ұлттық ойындарды үйретті, ертегілер айтып берді, тіпті отбасылық дәстүрлермен бөлісті. «Балдырған» тобының әжесі Жамал Әділова бүлдіршіндерге «Алдар Көсе» ертегісін қызықты етіп әңгімелеп берсе, Ғалия Есенбаева «Қыз Жібек» лиро-эпосынан үзінді орындап берді. «Құлпынай» тобының әжесі Қаматай Сбанқұлова бүлдіршіндерге «Тоғыз құмалақ» ойынын үйретіп, олардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын оятты.

Әжелер байқауында тек өлең-жыр ғана оқылған жоқ, олар өздерінің қолымен тоқыған бұйымдарын да көрсетті. «Бәйтерек» тобының әжесі Ләззат Ергешбаева балаларға қолымен тоқыған «Қолбауын» үйретті. Сондай-ақ, «Қолөнерші әжелер» Мөлдір Қуандықова мен Тамара Оспанова «Түскиіз» өрнегінің қыр-сырын үйретіп, балақайлармен бірге сырмақ сырды. Байқау шартына сай әжелер «Дәм думан» аталымы бойынша ұмыт қалған тағамдарды әзірлесе, «Ата дәстүр жолымен» байқауында көне салт-дәстүрлерді жаңғыртты. «Салтым – асыл

ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Зәуре ЕДЕНБАЕВА, еңбек ардагері:

Балалардың рухани әлемін байытады

Әже мектебі – тәрбиенің нағыз қайнар көзі. Өзім де әжемін. Сондағы бір байқағаным – балалар көбіне білгілі келгенді ата-анасынан емес, әжеден сұрайды. Иә, яғни баланың түсінігінде әже деген ең көп білетін, ең көргені көп асыл жан болғаны. Тіпті, ертегі айтпайтын әже жоқ. Әженің әлдиі, әженің әңгімесі деген балалардың рухани әлемін байытады. Ұрпақтар байланысы, сабақтастығы осылай өрбісе керек. Сондықтан әжелер дәстүрі – біздің ортақ рухани мұрамыз. Оларды сақтау – әрбір ата-ананың, әрбір балабақшаның міндеті.

қазынам» атты кезеңде түрлі тақырыптық-тағылымдық сұрақтарға жауап берді.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

● КОНФЕРЕНЦИЯ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҒАЛЫМ МҰРАСЫ
ҰЛЫҚТАЛДЫ

Академик Сейіт Қасқабасовтың
85 жылдығына орай халықаралық
ғылыми конференция өтті

Алматыда Ғылым ордасына ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, белгілі фольклортанушы, ҰҒА академигі Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай «Академик Қасқабасов феномені: ғылыми мектептер, теориялар және тәжірибелер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды.

 Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жиынға мемлекет және қоғам қайраткері Сауытбек Әбдірахманов, ҚР Парламенті сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі, белгілі ғалым Серік Негимов, сондай-ақ өзге де зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, оқытушы-профессорлар, өнер мен мәдениет өкілдері және т.б. қатысты. Ғылыми отырыстың тізгінін академик Кенжехан Матыжанов ұстады.

С.Қасқабасовтың ғылымдағы ізіне арналған отырыста ҚР Парламенті сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің, Ақпарат және мәдениет министрі Аида Балаеваның, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры Дихан Қамзабекұлының, сонымен қатар, алыс-жақын шетелдерден, тұлғамен бірге жұмыс жасаған, еңбегін білетін Білім ордалары мен баспа басшыларының құттықтау лебіздері оқылды.

Ғылыми конференцияда академик С.Қасқабасовтың ғылымдағы еңбегі, ғылыми мұрасы, қазақ фольклорына қосқан үлесі, руханиятқа сіңірген еңбегі айтылды. Алқалы іс-шараны М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жүзеге асырды. Жиында тұлғаның өмір жолы, қайраткерлігі, қоғамдық қызметі, адамгершілік қасиеттері, ғылыми еңбектері, қазақ фольклортану ғылымына сіңірген еңбегі жөнінде ой-пайымдар, естеліктер айтылды.

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
сенатор:

– Сейіт аға ғылымның көшін бастады. Фольклортану ғылымы саласында орасан зор еңбек етті. Әлемдік мұраға айналған «Бабалар сөзі» 100 томдық кітаптарын шығарды. Ғаламдық ғылыми кеңістікке аты мәшһүр. Ол кісі түркі халықтарына танылған айрықша тұлға. Ағамыздың еңбектері – ұрпаққа мұра.

Сауытбек ӘБДІРАХМАНОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері:

– Бірде ғалым Әлкей Марғұлан жас Сейіт Қасқабасовқа «Сені әйгілі фольклорист В.Жирмунский іздеп жатыр», депті. Расында 30 жасында ертегіні зерттеп, мықты еңбек жазған. Ол әлемдік деңгейдегі фольклортанушы. Оны сөз білетін жұрт, көрнекті ғалымдар құрмет тұтады. Орысша-қазақша бірдей жетік-тұғын. Шын ғылыми мектептерден өткен. Ал жазғандары нағыз классика. Ол кісі Алаш арыстарын ақтауға белсене атсалысты.

Серік НЕГИМОВ,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры:

– Академик Сейіт Асқарұлы Қазақ фольклортануының жанрлары, мифология, ертегі, текстология және т.б. төңірегінде қалам тербеген. Онымен бірге қасында 50 жылдай бірге жүрдік. Ол қайсар болатын. Әйгілі фольклорист Нина Смирнованың үлгілі шәкірті болды. «Қазақтың халық прозасы» деген еңбегі Ш.Уәлиханов сыйлығын алды. Академия киелі мекен. Мұнда ұлт зиялылары Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан және С.Мұқановтар отырған. Ол рухы күшті адам еді.

● ЕҢБЕК АДАМЫ

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМҒА
ТЕЛІНГЕН ҒҰМЫР

Белгілі ғалым, профессор Нұрберген Омарқожаұлы
туралы бір үзік сыр

Студенттік шақ – жастықтың қызықты кезеңі. Біз Нұрберген екеуіміз де 1966 жылы мектеп бітіре салысымен жолымыз болып, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына оқуға түстік. Сол жылы Көкшетау облысының Красноармейск ауданындағы «Октябрь» ұжымшарына күзгі егін жинау науқанына да бірге бардық. Студенттік таныстығымыз кейін өзара адал, берік достыққа ұлас-ты.

Нұрберген Хантәңірі баурайындағы Нарынқол, қазіргі Райымбек ауданының тумасы. Мен онжылдық орыс мектебін бітіріп келген едім. Қазақшамның ақсамағанына сол кездегі кілең қазақ жігіттері оқитын институттағы кезім себеп болды деп айта аламын. Барлық сабақ орысша өтсе де студенттердің көпшілігі өзара қазақша сөйлесетін. Сондағы байқағаным, Нұрбергеннің маған қарағанда орысша-сы да, қазақшасы да бірдей, үздік оқыды. Бес жыл бойы факультеттің ең үздік студенттерінің бірі атанды, қазіргі тілмен айтқанда көшбасшы «локомотиві» болды. Күнде сабақ басталмай жатып өзінің жеке блокнотына осы аптада не істеу керек, нақты күнін, мезгілін, бәрін жоспарлап жазып қоятын. Апта біткенде не орындалды, не істелмеді, күнделікті, апталық, айлық жоспарларын жаңартып отыратын. Оны көрген мен де солай істей бастадым. Бүгінде әр ісімді алдын ала жоспарлап қоямын. Группалас досымның білімге, ғылымға деген қызығушылығы, зор ынтасы мен құштарлығы мені де қатардан қалмауға ынталандырды. Өзім алғашқы сессияда қателікке бой алдырсам, Нұрберген сабақты үздік тапсырып, зеректігімен ерекшеленді. Ол досқа адал, парасатты, ұлтжанды азамат. Тәуелсіздік жылдары ғылыми еңбектерін мемлекеттік тілде жариялап, «Мал азықтандыру» пәнінің қазақ тіліндегі алғашқы оқулығын жазды.

Нұрберген 25 жасында ғылым кандидаты, 45 жасында доктор атанды. Мал шаруашылығында минералдық қоректендіру тақырыбындағы зерттеулері республика көлемінде жоғары бағаланды. «Қазақстан мал шаруашылығында микроэлементтер қолдануды ғылыми негіздеу» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, профессор атанды. Оның жетекшілігімен биогеохимиялық өңірлер картасы жасалып, мал мен құстың табиғи ортаға бейімделуі бойынша ұсыныстар берілді.

Нұрбергеннің жастайынан зерек болып, құрдастарынан ерте есейгенінің себебі – балалық шағы оңай болмаған. 1955 жылы алты жасында анасы Әсманнан айырылады. Есінде қалғаны – әкесінің інісі Нариманның шешесі Елеусіз апаның туған інісі Нұрманды арқасына салып, Нұрбергенді кимешегінің ұшынан ұстатып жүретіні...

Әкесі – Омарқожа Артықұлы Елтай ауылындағы алғашқы мұғалімдердің бірі болған. Ол кездерде мұғалімдерді мектептен мектепке жиі ауыстыратындықтан, бұлар Сарыжаз ауылының жанындағы Ақбейіт ауылында тұрған. Келесі жылы әкесін көршілес Талас аңғарындағы Қошқар мектебіне ауыстырады. Әкесі Нұрбергенді ерте жастан әріпке үйретіп, әліппемен таныстырса, шешесі құрақтан иыққа асатын кітап-дәптер салатын дорба-сөмке тігіп берген. Шешесінің өз қолымен тоқыған әдемі түскііздері мен алашалары әлі есінде. «Қайран асыл анам, әкеміздің қаттылау мінезін жұмсартып, біздің бойымыздағы ізгі қасиеттерді сіңірген сіздің асыл қасиеттеріңіз деп білемін. Жатқан жеріңіз торқа, иманыңыз жолдас болсын!», – деп ана-сын еске алады досым.

Нұрекең 1971 жылы институтты үздік бітіріп, аспирантураға қабылданды. Ғылыми жетекшісі – академик М.Байтурин. Күркетауық өсіру саласында алғашқылардың бірі болып зерттеу жүргізді. Ғылыми жұмыстары нәтижелі болып, кандидаттық, кейін докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Ол оқу мен ғылымды қатар алып жүрген ұстаз. «Мал азықтандыру», «Мал шаруашылығы» пәндерінен 10 оқулық, 20-ға жуық оқу құралын дайындады, олар еліміздің барлық аграрлық оқу орындарына дәріс сабағына енгізілді. 2005 жылы А.Байтұрсынов атындағы медальмен,



2007 жылы «Үздік оқытушы» мемлекеттік грантымен, 2015 жылы Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі атағымен марапатталды.

Ғылымның бір бағыты – шәкірт тәрбиелеу. Профессордың жетекшілігімен 1 докторлық, 3 кандидаттық, 2 PhD, 15 магистрлік диссертация қорғалды. 1995–2005 жылдары Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі диссертациялық кеңестің хатшысы ретінде жүздеген ғылыми кадрдың қалыптасуына үлес қосты. В.Вернадскийдің биогеохимия қағидаларын Қазақстан жағдайына бейімдеп, жергілікті мал тұқымдарының минералдық мұқтаждығын анықтап, практикалық ұсыныстар берді. Ғылыми және әдістемелік жұмыстары – 180-нен астам. Олардың ішінде 10 ғылыми монография, 12 патент, 20 практикум, 3 терминологиялық сөздік бар. Терминологияны жүйелеуге белсене қатысып, ауыл шаруашылығы саласының ғылыми тілін қалыптастыруға атсалысты. Ол жүздеген студенттердің дипломдық жұмыстарына жетекшілік етіп, ғылымға жолдарын ашты. Шәкірттері бүгінде еліміздің түрлі саласында қызмет етіп жүр.

Нұрберген Омарқожаұлы 2005 жылдан, яғни 20 жылдан бері Астанадағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде жемісті қызмет атқарып келеді. Ол ғалым ғана емес, өнегелі отбасының ақылманы. Жарты ғасырдан аса жұптары жарасып келе жатқан жұбайы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Шолпан Қабыкенқызымен 1966 жылдың соңында танысып, үш жылдан соң отбасын құрды. Шолпан – Абралы ауданының Қайнар кентінде дүниеге келген. Атасы Қабыкен Хұсайнұлы – соғыс және еңбек ардагері, он баланың әкесі, белгілі қоғам қайраткері болған. Бұл отбасы еліміздің ғылым саласына зор үлес қосқан әулет. Қыздары Гүлнұр – биология ғылымдарының кандидаты, Әсем – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент. Немерелері Дана – Нью-Йорк Metrapolitfn college оқу орнының магистранты, Дария – теннис клубының дизайн-менеджері, Елнұр – сарапшы-финансист, Елдана мен Елдар – Білім-инновация лицейінің оқушылары. Атасы мен апасы балалары мен немерелеріне үлгі-өнеге көрсетіп, ұлағатты жанұя атанған.

Әлі есімде, институтта жүргенде Нұрберген өзін «Мен горецпін, тауда туып-өскенмін, қасиетті Хантәңірінің баурайынанмын» дейтін. Сол «Хантәңірінің» шыңына қарап өскен Нұрекең бүгінде арманының биігіне шығып, ғылым докторы, профессор, академик атанды.

Астанадағы Сәкен Сейфуллин атындағы агротехникалық университетінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы кафедрасының профессоры, Отанына көп жыл адал қызмет істеп, білім мен ғылымға телінген ғұмырында үлкен абырой-беделге ие болып отырған бақытты жан.

Қасымхан ТӨЛЕНДИЕВ,
Жамбыл облысының Құрметті азаматы,
«Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері.



НАҚТЫ СЕКТОР



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

ТҰТЫНУШЫ ЕЛ
БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ
БОЛА АЛМАЙДЫ...

Соңғы жылдары жеңіл өнеркәсіптің ахуалы мен болашағы туралы сәңгіме жиі қозғалып, халық арасында «біз тұтынушы елге айналдық» деген пікір белең алып келеді. Мұны дәлелдеу үшін арнайы зерттеу жүргізудің де қажеті жоқ. Кез келген сауда орталықтары мен базарларға барсаңыз, киімнен бастап ойыншыққа дейін шетелден әкелінгенін байқайсыз. Қытай, Түркия, Өзбекстан мен Қырғызстаннан жеткізілетін арзан, бірақ сапасы күмәнді тауарлар сөрени жаулап тұр. Мұндайда «табиғи ресурсы мол Қазақстан неге өзіне қажет дүниені өзі өндірмейді?» деген сауал еріксіз ойға келеді...

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы – жеңіл өнеркәсіптің жүрегі еді

Кеңес заманында Алматы мақта-мата комбинаты (АХБК) бүкіл Одаққа танылған еді. Мұнда тігілген киім Мәскеуге дейін жөнелтілетін. «Жетісу», «Юбилейный» секілді брендтер де өз дәуірінің үздігі болды. Бірақ 90-жылдардағы экономикалық дағдарыс пен жеке-шелендіру бұл саланы тұралатып тастады. Қазір сол бұрынғы фабрикалар сауда орталығына, енді бірі қоймаға айналды. Мәселен, аты аңызға айналған АХБК-ның орнында бүгінде «Armada» сауда орталығы жайғасқан. Әйтпесе, бұл комбинатта кезінде 10 мыңға жуық адам жұмыс істеп, ел экономикасына әжептәуір табыс әкелген. Үш бірдей фабрика тәулігіне 400 мың метрден астам мата өндіріп отырған. 1981 жылы олар бір миллиардыншы метр матаны шығарыпты. Қазір мұндай жетістікке жетпек түгілі елестетудің өзі қиын. Өйткені, бұл сала қайта өңдеу өнеркәсібінің небәрі 1,2%-ын ғана құрап отыр.

Импортқа тәуелдіміз...

Алматы – жеңіл өнеркәсіптің әлеуеті зор шаһар. Мұнда дизайнерлік мектеп қалыптасып келеді, сән мен стильге бейім жастар көп. Соңғы уақытта жергілікті дизайнерлердің туындылары түрлі көрмелер мен сән апталықтарында жиі таныстырылып жүр. Алайда, олардың өнімін екіншісі бірі ала бермейді. Негізгі себеп – бағаның қымбаттығы. Сондықтан көпшілік қолжетімді, бірақ сапасы күмәнді болса да, шетелдік арзан тауарларға жүгінуге мәжбүр.

Сарапшылардың айтуынша, жеңіл өнеркәсіп – азық-түліктен кейінгі маңызға ие сала. Десе де, отандық өнім ішкі нарықтың небәрі 5–8 пайызын ғана қамтып отыр. Қалғанының бәрі – сырттан келетін дайын өнім мен шикізат. Бұл көрсеткіш ел экономикасы үшін өте алаңдатарлық. Дегенмен, Алматыда бұл саланы дамытуға барлық алғышарт бар. Еңбек күші жеткілікті, шикізат көздері жақын, отандық дизайнерлік база қалыптасып келеді. Мемлекеттік сатып алу жүйесіне отандық жеңіл өнеркәсіп өнімдерін енгізу арқылы да бұл саланың өрістеуіне жол ашуға болады. Ғаламтордағы деректерге сүйенсек және сарапшылар пікірі бойынша, саланың тұралауына басты себеп – импортқа тәуелділік. Бұған қоса, отандық өндірісте бәсекелестікке қабілеттілік төмен, шикізат жетіспейді, жабдықтар ескірген, қаржыландыру қиын.

Шағын өндірістерді қолдау – басты шарт

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, экономист Бекнұр Қисықовтың айтуынша, Қазақстанда

жеңіл өнеркәсіптің қарқынды дамуы үшін ең алдымен салық жүктемесін азайту қажет. Оның пікірінше, қазіргі таңда елімізде тұтынушылық экономика қалыптасқан: шикізат экспортталады, ал дайын өнім өзге елдерден әкелінеді.

– Біз әлі ұзақ уақыт қытай, өзбек, қырғыз киімдерін киюіміз мүмкін. Себебі, оларда шағын және орта бизнес жақсы дамыған, салықтық режим тиімді. Ал бізде салықтың артуы кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Шағын бизнесті дамыту үшін субсидиядан бұрын нақты салықтық жеңілдіктер қажет. Бизнесті қолдау – оған еркіндік беру, кедергі жасамау, – дейді сарапшы. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіптің толыққанды инфрақұрылымы мен дәстүрі қалыптаспаған. Дегенмен, отандық дизайнерлер мен шағын шеберханалар қалыптаса бастады. Спикер бұл саланың болашағына сеніммен қарайтынын айта келіп, отандық өнімнің нарықтағы үлесін арттыру үшін жүйелі саясат пен нақты қолдау тетіктері қажет екенін айтады. Оның тұжырымдауынша, «Алматының инфрақұрылымы, логистикасы мен мамандар базасы – бәрі бұл саланы жандандыруға жарайды. Бірақ нақты стратегиялық жоспар мен қолдау тетіктері жоқ. Сондықтан бұл саланы реформалау қажет».

Ұлттық өндіріс үшін қауіпті үрдіс:
салық алға бастырмай тұр

Қазақстан мақта өсіретін елдердің бірі болса да, сол мақтадан мата өндіретін зауыттар саусақпен санарлық. Қазір Шымкент пен Таразда ғана санаулы ғана фабрика жұмыс істейді. Негізгі шикізат шетелге жөнелтіледі де, дайын мата бірнеше есе қымбат бағада кері қайтады. Бұл ретте Бекнұр Сейітжанұлы: «Біз шикізатты сыртқа сатып, дайын өнімді қайта сатып алатын елге айналдық. Бұл – ұлттық өндіріс үшін қауіпті үрдіс. Мемлекет жүн, мақта, былғары өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарға инвестиция салып, ішкі нарықты қамтуы керек», – дейді. Өйткені, жеңіл өнеркәсіп тігінмен ғана шектелмейді. Бұл мата өңдеу, сән үлгісін жасау, аксессуар шығару, маркетинг, онлайн сату – бәрі бірігіп жұмыс істейтін сала.

Бүгінде Алматыда киім тігумен айналысатын шағын кәсіп иелері көп. Бірақ олардың дені жалдамалы ғимаратта жұмыс істейді. Жоғары жалдау ақысы мен салық ауыртпалығы оларды алға бастыратын емес. Десек те, жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін үш бағыт маңызды. Атап айтқанда, шағын өндірістерге жеңілдетілген несие беру; шикізат базасын дамыту, кластерлер құру; отандық өнімнің сатылымы мен жарнамасына қолдау көрсету. Егер бұл салаға инвестиция салсақ, ертең ұлттық брендтерді экспорттауға мүмкіндік аламыз. Мұндай тәсіл экономикалық тұрғыдан ғана емес, идеологиялық мәні бар бастама болары сөзсіз.

ТҮЙІН:

Алматы – жеңіл өнеркәсіптің жүрегі болған қала. Бүгінде бұл мәртебені қайта жаңғыртуға толық мүмкіндігі бар. Ол үшін, ең алдымен, отандық шикізат ел ішінде өңделіп, жергілікті кәсіпорындарда пайдаға жарауы тиіс. Шағын өндірістерге салықтық жеңілдіктер, кедендік қолдау мен сауда алаңы қажет. Қарапайым халық өз жерінде өсірілген мақтаның киімін өзге елден емес, өз отанынан сатып алатын күнді күтеді. Бұл арманға жету – бүгінгі нақты әрекетімізге тікелей байланысты. Ендеше, тұтынушы ел болып қалмай, өндірісі қуатты мемлекетке айналу үшін жеңіл өнеркәсіпті бірге дамытуға күш салайық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекнұр ҚИСЫҚОВ,
Алматы қаласы
Қоғамдық кеңесінің
мүшесі, экономист:



Бизнесті
салықпен
тұншықтырмай,
еркіндік беру керек

Бүгінгі таңда Қазақстан тұтынушы елге айналып барады. Біз дайын өнімді сырттан тасымалдап, өзіміз шикізат экспорттаумен шектелеміз. Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан киімін киюіміздің бір себебі де – осы. Бұл елдерде өндіріс пен шағын кәсіпкерлік дамыған, салықтық режимдері тиімді. Ал бізде, керісінше, салық жүктемесі жыл сайын артып келеді. Мұның салдарынан кей кәсіпкерлер өндірісін тіпті шетелге – Өзбекстан, Қырғызстан немесе Дубайға көшіруге мәжбүр. Отандық киім киюіміз керек деген талапты қоюға да әлі ерте. Себебі, бізде жеңіл өнеркәсіптің толыққанды инфрақұрылымы да, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі де жоқ. Түркия, Қытай, Өзбекстан бұл салада бұрыннан жүйелі жұмыс істеп келеді.

Дегенмен, Қазақстанда талантты дизайнерлер, шеберханалар бар. Бұл сала біртіндеп дамып келеді. Әрине, нарықтың 80%-ын иелену қиын, бірақ отандық өнім өз орнын таба алады. Ол үшін ең тиімді қолдау – салықтық жеңілдіктер. Ақшалай субсидиядан гөрі, бизнестің жолын ашып, оған кедергі жасамау әлдеқайда маңызды. Бұл – әлем мойындаған тиімді формула.



Мөлдір
БАЙМАХАНОВА,
Алматы
технологиялық
университеті, «Текстиль
өндірісі технологиясы»
кафедрасының
2-курс, PhD докторанты:

Отандық бренд
қалыптастыра аламыз

Жеңіл өнеркәсіп саласы бойынша білім алып жүргендіктен, бұл саланың қазіргі жағдайы мен болашағы мені ерекше алаңдатады. Қазақстанда киім тігуге қабілетті мамандар да, жұмыс күші де бар.

Шикізаттың тапшылығы, құрал-жабдықтың ескі болуы және шетелдік өнімдермен бәсекелесу мүмкіндігінің аздығы, міне, осының барлығы жеңіл өнеркәсіптің жұмысын тұралатып жатыр. Көп кәсіпкерлер жалдамалы ғимаратта, салық пен жалдау құны жоғары, міне, осының барлығы бизнес бастауға кедергі. Егер мемлекет тарапынан жеңілдетілген несие, салықтық қолдау, шикізатпен қамтамасыз ету сынды нақты қадамдар болса, бұл сала жанданады. Жастардың да қызығушылығы артады. Сонда біз өзіміздің киімімізді өз елімізде тігіп, сапалы отандық брендтерді қалыптастыра аламыз деп ойлаймын. Тек соған жағдай жасалса болды. Болашақта осы саланың өркендеуіне өз үлесімді қосатыныма сенімдімін.



БРИФИНГ

БҮЙРЕККЕ МҰҚТАЖ ЖАНДАР БАР

Еліміздегі трансплантология болашағы қандай?

Бүгінде еліміздегі трансплантология саласының даму деңгейі жоғары. Алматы бірегей оталар жасалатын, науқастар жан-жақтан ағылып келетін ірі орталық болып қалып отыр. Мегаполистің Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы АҚ басқарма төрағасының орынбасары Шоқан ҚАНИЕВ отандық трансплантология болашағы туралы осылай деді.

Спикердің сөзіне сүйенсек, Қазақстан азаматтарына трансплантация жасату үшін енді шетел асып керегі жоқ. Қазір барлық ота елімізде жасалады. Мамандардың біліктілігі артып, технология дамыған сайын Алматының трансплантология бойынша өңірлік орталыққа айналу мүмкіндігі де артып келеді. Былтыр елімізде ішкі органдарды ауыстыру бойынша 250 операция жасалды. Бұл – бір жыл бұрынғымен салыстырғанда едәуір көп. Мәселен, 2023 жылы мұндай 200 операция жүргізілген. Олардың басым бөлігі тірі донордан алынған: 227 отада науқасқа туысы донор болса, 23 жағдайда қайтыс болған адамдардың органы пайдаланылған.

2024 жылы еліміз бойынша 4 мыңнан астам адам трансплантация кезегінде тұрды. Олардың көбі – бүйрекке мұқтаж (шамамен 3723 адам), оның ішінде 80-і – бала. Бұдан бөлек, 100-ге жуық бала бүйрекке, бауырға немесе жүрекке зәру.

Трансплантологияның маңызды орталығы саналатын Алматыда кейінгі екі жылда екі ірі операция сәтті өтті. Мысалы, 23 жастағы науқасқа 53 жастағы әйелдің жүрегі салынды. Ал биылғы сәуірде А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық хирургия орталығының мамандары алғаш рет үш бүйректі қатар ауыстыру отасын жасады.

Дегенмен, халықтың көбі хабардар болғанымен, донор болудан бас тартатындар әлі де көп. Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігі ақпараттық кампанияны күшейтіп, бұл іске дін өкілдері мен қоғам қайраткерлерін тартуда. Сонымен қатар, eGov порталы арқылы тіркеу процесі барынша жеңілдетілген.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Жаздың аптап ыстығы жүкті әйелдердің жағдайын айтарлықтай қиындатуы мүмкін. Жоғары температура кезінде қалай күтіну керек, әйел мен оның құрсағындағы сәбиінің денсаулығын қалай қорғауға болады? Бұл сауалдарға қаладағы №4 перзентхананың жүктілік патологиясы бөлімінің меңгерушісі, акушер-гинеколог Дмитрий ЭЗАУ айтып берді.

– Жүктілік кезінде әйел ағзасына көп күш түседі. Қан айналымының көлемі көбейеді, жүрек соғысы жиілейді, дененің жылу реттеу жүйесі өзгереді. Аптап ыстық бұл процестерді күрделендіріп, ісіну, дененің қатты қызуы және сусыздану қаупін арттырады. Қатты ыстық басты ауырып, әлсіздік тудырып, жалпы жай-күйді нашарлатуы мүмкін, әсіресе артериялық гипертензиясы, анемиясы бар әйелдер мен жүктіліктің соңғы кезеңіндегі әйелдер үшін бұл аса маңызды.

Жүкті әйелдерде ыстықта аяқ-қолдың ісінуі жиілейді немесе күшейе түседі. Мүмкіндігінше көп тұрмауға, керісінше,



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Шоқан ҚАНИЕВ,
А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы АҚ басқарма төрағасының орынбасары:

Донорлар базасын ұлғайтуымыз керек

Мыңдаған адамның өміріне араша түсу үшін донорлар базасын ұлғайтуымыз керек. 2021 жылдан бері бұл жүйе елімізде келісім арқылы жүзеге асып жатқанына қарамастан, небәрі 6,5 мың адам ғана қайтыс болғаннан кейін донор болуға келісім берген. Ал 90 мыңнан астам адам бас тартқан. Қоғамда қорқыныш, күмән көп. Кейбір наным-сенімнің де әсері бар. Адамның миы өліп, жүрегі тоқтағанда ғана донор бола алады және ол арнайы комиссияның бақылауымен жүзеге асады – мұны әлі де түсінбейтіндер бар.

Қазір жүйе бейімделу сатысынан өтіп жатқандықтан, Қазақстан балама жолдарды да дамытып жатыр. Соның бірі – туыстың донор болуы. Елімізде жасалатын бүйрек трансплантациясының шамамен 85%-ы тірі донорлар – туысы немесе жұбайы тарапынан жүзеге асырылады. Бұл әдіс уақытты үнемдеп, тез арада емделуге мүмкіндік береді. Бүгінде Қазақстанда жеті трансплантация орталығы жұмыс істейді. Оның үшеуі Астанада, біреуі Алматыда, қалғаны Шымкент, Ақтөбе және Түркістанда орналасқан.



ЖҮКТІ ӘЙЕЛ

аптап ыстықтан қалай сақтануы керек?



аяқтарды жоғары көтеріп, демалуға тырысыңыз. Егер ісіну қатты байқалса, міндетті түрде дәрігерге қаралыңыз.

Кондиционерді абайлап пайдаланған абзал. Температура айырмашылығы 5–7 градустан аспауы

тиіс. Кенет салқындау тұмауға немесе қан тамырларының тарылуына алып келуі мүмкін. Өзіңіздің ішкі сезімдеріңізді тыңдаңыз. Егер әлсіздік, бас айналу, жүрек айнуы немесе жүрек қағысының жиілеуі байқалса, дереу демалып, су ішіп, қажет болған жағдайда дәрігерге жүгініңіз.

Жүктілік – бұл ауру емес, бірақ ерекше жағдай. Сондықтан өзіңізге мұқият болу ке-

КЕРЕК ДЕРЕК

● Егер қарсы көрсетілімдер болмаса, күніне кемінде 1,5–2 литр су ішуді әдетке айналдырған дұрыс. Таза суға, шөп-шайларына, қантсыз компоттарға басымдық берген жөн. Газды сусындар мен кофеден бас тартқан абзал.

● Сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін көлеңкеде немесе үйде болған жөн. Бұл уақытта күн сәулесі аса белсенді болады. Серуендеуді таңертең немесе кешкі уақытта жоспарлаған абзал.

рек. Ыстық күндері бұл аса маңызды. Ағзаңыздың белгілеріне құлақ түріңіз, күн тәртібін сақтаңыз және дәрігерден кеңес алудан қорықпаңыз – бұл сіздің және болашақ сәбиіңіздің денсаулығын сақтауға көмектеседі.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ



TAVI –

жүрекке ашық ота жасауға заманауи балама

Алматыда еліміз бойынша ең алғаш рет жетекші қытай өндірушісінің соңғы буын инновациялық өздігінен ашылатын клапанның имплантациясы жасалды. Бұл бағытта біздің дәрігерлерге қытайлық әріптестері шеберлік сабағын өткізді.

Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында Қытай Халық Республикасының интервенциялық кардиология саласындағы танымал әлемдік сарапшылары – Сычуань университетінің Батыс Қытай ауруханасының кардиология бөлімінің директоры, профессор Мао Ченнің және аурухананың бас дәрігері, туа біткен жүрек ақауларын интервенциялық емдеу жөніндегі жетекшісі Юань Фэннің қатысуымен қолқа стенозын емдеудің озық аз инвазивті технологиясы – қолқа қақпақшасын транскатетерлік имплантациялау (TAVI) бойынша бірегей оталар жасады.

TAVI – ауыр қолқа стенозы және жоғары операциялық қаупі бар науқастар үшін ашық жүрек операциясына заманауи балама. Бұл әдіс биологиялық клапанды кеуде қуысын ашпай-ақ феморальды артерия арқылы жеткізуге мүмкіндік береді, ауруханаға жатқызу уақытын қысқартады және асқынулардың санын азайтады.

Шеберлік сабағы аясында Қазақстанда алғаш рет жетекші қытай өндірушісінің соңғы буын инновациялық өзі ашылатын клапанның алғашқы имплантациясы жасалды. Кардиология және ішкі аурулар F3I рентгеноперблок меңгерушісі Алексей Колесниковтың айтуынша, бұл жүйе бірегей клиникалық мүмкіндіктерді ұсынады: жоғары сапалы перикардальды тіннен жасалған өздігінен ашылатын клапан пациенттің анатомиялық ерекшеліктеріне оңай бейімделеді, ал оны қайта орналастыру және алу мүмкіндігі орнатудың дәлдігін қамтамасыз етеді және тәуекелдерді азайтады. Технология жоғары гемодинамикалық тиімділікпен сипатталады.

Екі күн ішінде 7 науқасқа операция жасалды. Бір мысал ретінде атап өтейік: 74 жастағы науқаста клиникаға түскен кезде бас айналу, бас ауруы, аяғы тону, жалпы әлсіздік, физикалық күш түскенде, 100–150 метр қашықтықта жүрсе енгізу сияқты шағымдары болды. Негізгі диагнозы: жүре пайда болған жүрек ақауы, қолқа қақпақшасының айқын стенозы, созылмалы жүрек қызметінің жеткіліксіздігі. Қосымша диагнозы: жүректің ишемиялық ауруы, артериялық гипертензия, 2 типті қант диабеті. Операциядан кейін науқас өзін өте жақсы сезінеді. Жалпы, барлық операция сәтті өтті.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



ЛЕБІЗ

Жұптарың жазылмасын, екі жас!

Әріптесіміз – «Almaty aqshamy» газетінің корректоры Кенжехан Нүсіпованың шаңырағында үлкен қуаныш! САНЖАР атты ұлы Алатаудың арғы бетіндегі ақ қалпақты ағайындардың ай мен күндей СЕЗІМ атты қызымен көңіл жарастырып, ақ отаудың шаңырағын көтерді.

Құрметті жастар, отбасылық өмірдің талбалдырығын қол ұстасып бірге аттаған қадамдарың құтты болсын! Сіздерді бүгінгі салтанатты заңды некелеріңмен шын жүректен құттықтаймыз! Отбасының қызық-қуанышын әрдайым бірге өткізіп, келешектің берік қамалын бірге қалаңыздар. Сіздерге тұмадай мөлдір махаббат, аласармас асқақ арман тілейміз. Баянды бақыт айдынында қос аққудай қатар жүзіңіздер!

*Махаббаттың дариясында сарқылмас,
Жұптарыңыз жазылмасын, екі жас!
Ата-ананың ақ батасын алыңдар,
Ешбір тілек сол жандардан артылмас.*

*Ақ отаудың керегесі кең болсын,
Ағайынмен терезесі тең болсын!
Алатаудың екі беті сары сүйек
Құдалығы үзілмейтін ел болсын!*

«ALATAU AQPAPARAT»
медиахолдингі ұжымы.



ИМ

ИНТЕРНЕТ–АЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУ КЕРЕК



Қазақстан Ішкі істер министрлігі интернет-алаяқтары ең жиі қолданатын айла-тәсілдерін жариялап, олардан сақтану жолын ұсынды.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, интернет-алаяқтарның түрлі арбауына көбіне егде жастағы азаматтар мен цифрлық сервистерді тексермей қолданатын жастар жиі тап болады.

– Бүгінде интернетке қосылған кез келген құрылғыда алаяқтыққа тап болу қаупі бар. Тек осы айдың өзінде елімізде екі мыңға жуық интернет-алаяқтық фактісі тіркелді. Қауіпсіздік үшін алаяқтардың ең жиі қолданатын әдістерін біліп жүру маңызды, – дейді ҚР ІІМ Киберқылмыспен күрес департаментінің бастығы Жандос Сүйінбай.

Полиция дерегіне сәйкес, алаяқтар көбіне мынандай тәсілдерді қолданады:

- Арзан бағамен тауар сату туралы жалған хабарландырулар жариялайды;
- Өзін байланыс операторларының, банк қызметкерлерінің, құқық қорғау органдарының, медицина мекемелерінің, коммуналдық қызметтер мен жеткізу қызметтерінің өкілі ретінде таныстырады;
- Түрлі сылтаумен, кейде қылмыстық жауапкершілікпен қорқытып, ақшаны «қауіпсіз шотқа» аударуды талап етеді;
- Міндетті түрде табысы болатын инвестициялық жобаларға ақша салуға үгітейді;
- Өзін заңгер ретінде таныстырып, бұрынғы алаяқтар ұрлаған ақшаны қайтарып беруге уәде береді;

- Хабарламалар жіберіп, жақын туыстардың, достардың немесе науқас баланың ата-анасының атынан ақша сұрайды, бұл үшін олар мессенджерлерді бұзады;
- Шетелде жұмыс істеу туралы жалған хабарландырулар жариялап, құжаттарды рәсімдеуге, сақтандыруға немесе визаға алдын ала төлем сұрайды;
- Бағасы төмен коттедж бен демалыс үйлерін жалға ұсынған болып, үйді көрсетуден немесе ресми келісімшарт жасаудан бас тартады;
- Науқас балалардың немесе ардагерлердің атынан фотосымен бірге жалған жазбалар жариялайды.

Алаяқтардан қалай қорғануға болады:

- Сатушыны міндетті түрде тексеріңіз: пікірлерді оқыңыз, деректерін нақтылаңыз, мүмкін болса, видеоқоңырау арқылы сөйлесіңіз;
- «Банк» не «полиция» атынан талап етілсе де, ешқашан тексермей жатып ақша аудармаңыз;
- «Қауіпсіз және табысты инвестиция» деген ұсыныстарға сенбеңіз;
- Ақшаны қайтарып береміз дейтін заңгерлік компаниялар мен көмекшілерді мұқият тексеріңіз, олардың өзі алаяқ болуы мүмкін;
- Қосымшаларды тек ресми платформалардан жүктеңіз;
- Байланыс үзіледі, нөмір бұғатталады деген қорқыту қоңырауларына сенбеңіз;
- Құпия сөздерді жиі жаңартып отырыңыз, 3D-қорғанысты қосыңыз және онлайн-банкінгтегі қауіпсіздік функцияларын пайдаланыңыз;

Есіңізде болсын, полиция ешқашан телефон арқылы ешқандай «операция» жүргізбейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»
(Дереккөз: <https://polisia.kz/>)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Дұрыс тамақтануды насихаттау: негізгі кеңестер

Дұрыс тамақтану жалпы әл-ауқаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл салмақты сақтауға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар 2-ші типті қант диабеті, жүрек ауруы, инсульт және тіпті қатерлі ісік сияқты созылмалы аурулардың даму қаупін азайтады.

2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қазақстанда Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы №16 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарының тамақтануының жаңартылған стандарттары күшіне енеді.

Реформаның негізгі мақсаты – балалар мен пациенттердің теңгерімді және қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету, сондай-ақ оны ұйымдастырудың тәсілдерін біріздендіру. Жаңа ережеге сәйкес, мектептер мен медициналық мекемелерге жарамдылық мерзімі өтіп кеткен өнімдерді, ГМО ингредиенттері мен құрамында коллаген бар шұжықтарды пайдалануға тыйым салынады.

Диетада тұз бен қантқа міндетті шектеулер қойылған 75% өсімдік тағамдары болады, ал порция мөлшері балалардың жасына байланысты түзетіледі. Асханасы жоқ шағын мектептерге арнайы түскі ас беріледі.

Салауатты тамақтану бойынша кеңестер

- Әр түрлі ақуыз көздерін таңдаңыз:
- Ақуыз тіңдердің өсуі мен қалпына келуіне, сондай-ақ иммундық функцияға өте қажет. Диетаңызға балық, құс еті, ет, жұмыртқа, бұршақ және жаңғақтар сияқты әртүрлі ақуыз көздерін қосыңыз.
- Толық астық өнімдеріне артықшылық беріңіз:
- Өңделген өнімдерден айырмашылығы, тұтас дәнді өнімдерде көбірек талшықтар, витаминдер мен минералдар бар, бұл ас қорыту жүйесін қалыпқа келтіруге және қандағы қант деңгейін тұрақты ұстауға көмектеседі.
- Клетчатка ас қорытуды жақсартуға көмектеседі және жүрек ауруы мен қант диабеті сияқты созылмалы аурулардың қаупін азайтады. Ол көкөністерде, жемістерде, дәнді дақылдарда және бұршақ дақылдарында кездеседі.
- Өңделген және жоғары калориялы тағамдарды тұтынуды азайтыңыз:
- Қант, тұз және қаныққан майларға бай тағамдар жиі семіздік пен басқа ауруларды тудырады. Мұндай тағамдардан бас тартуға тырысыңыз немесе оларды мүмкіндігінше аз тұтыныңыз. Алкогольді тұтынуды шектеу:
- Тұрақты және теңдестірілген тамақтану күн бойы энергия деңгейін сақтауға көмектеседі.
- Таңғы асты өткізіп жіберу немесе дұрыс тамақтанбау артық тамақтануға және салмақ қосуға әкелуі мүмкін. Алып кетуге тапсырыс берудің орнына үйде пісіріңіз:
- Тамақты өз бетіңізше дайындау ингредиенттер мен мөлшерлерді бақылауға мүмкіндік береді, бұл зиянды майларды, қантты және тұзды тұтыну қаупін азайтады.

Дұрыс тамақтану денсаулықты сақтаудың және аурудың алдын алудың ажырамас бөлігі болып табылады. Дұрыс тамақтану бойынша ұсыныстарды орындау сіздің өміріңіздің сапасын жақсартып қана қоймай, оны ұзарты алады. Тамақтанудағы әрбір өзгеріс біртіндеп және дененің жеке қажеттіліктеріне бейімделуі керек екенін есте ұстаған жөн.

Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы
Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен.

Сыра алкоголизмінің алдын алу шаралары

Сыра алкоголизмі қазіргі қоғамдағы, әсіресе жастар арасында ең өзекті және жиі кездесетін мәселелердің бірі болып табылады. Сыра жиі қауіпті емес алкогольдік сусын ретінде қабылданады, бірақ оны теріс пайдалану алкогольдік сусындарды ішу сияқты ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Сыра алкоголизмі физикалық ғана емес, психологиялық тәуелділік екенін түсіну маңызды. Сыра – ең қолжетімді алкогольдік сусын, ол белсенді түрде жарнамаланады және демалумен, көңіл көтерумен және жеңілдігімен байланысты. Алкогольдің зияны туралы жеткілікті ақпараттың болмағанымен, осы салады білімдері жоқ жастар көбінесе сырадан бастайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы көптеген жарнамалар мен әлеуметтік теңденциялар сыраның зиянсыз деген елесін тудырады. Қоғамдық пікір көбінесе сыраны «нағыз» алкоголь емес, ол тәуелді емес және ауыр салдары жоқ деп санайды. Бұл қате түсінік жасөспірімдер мен жастар арасында сыра алкоголизмінің танымал болуына ықпал етеді.

Көптеген адамдар стресс, депрессия, өзін-өзі төмен бағалау немесе алаңдаушылық сияқты психологиялық проблемаларды жеңу үшін сыра ішуді бастайды. Сыра уақытша «тыныштандыратын» және шиеленісті жеңілдетуі мүмкін, бірақ уақыт өте келе тәуелділік дамиды.

Сыраны көп мөлшерде немесе тұрақты түрде ішу адамның физикалық және психикалық күйі үшін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Сыраны үнемі ішу кезінде ескеретін маңызды аспектілердің бірі – тәуелділіктің дамуы. Сыра тәуелді емес деген жалпы пікірге қарамастан, үнемі тұтыну алкогольге тәуелділіктің дамуына әкелуі мүмкін.

Себебі, сыраның құрамында басқа да алкогольді сусындар сияқты ми мен орталық жүйке жүйесіне әсер ететін, тәуелділік тудыратын этанол бар. Бауыр - ағзадағы алкогольді ыңғайланып негізгі орган.

Сыраны үнемі ішу бауырға зиянын тигізіп, әртүрлі ауруларға әкеледі, мысалы: майлы бауыр ауруы (жировой гепатоз) – бауыр жасушаларында майдың жиналуы, оның қалыпты жұмысын бұзады; алкогольдік гепатит – этанолдың ұзақ әсерінен пайда болатын бауырдың қабынуы; бауыр циррозы – бауырдың толық жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін бауыр тінінің үдемелі бұзылуы. Сыра, қатты ішімдікке қарағанда алкогольдің мөлшері төмен болуы мүмкін, бірақ көп мөлшерде тұтынылғанда, бауырға айтарлықтай жүктеме түсіреді.

Сыраны тұрақты және шамадан тыс тұтыну жүрек-қантамыр жүйесіне теріс әсер етуі мүмкін: қан қысымының жоғарылауы, алкоголь қан тамырларының кеңеюін және жүрек қызметінің жоғарылауын тудырады, бұл гипертонияға (жоғары қан қысымы) әкелуі мүмкін; инфаркт пен инсульт қаупінің жоғарылауы.

Сыраны үнемі тұтыну психологиялық тәуелділікке әкелуі мүмкін, бұл кезде адам стрессті жеңілдету немесе көңіл күйін жақсарту үшін ішуді бастайды. Бұл депрессияға және басқа психикалық бұзылуларға әкелуі мүмкін; жыныстық функцияның төмендетеді. Сыра, басқа алкогольді сусындар сияқты, ерлерде тестостерон деңгейін төмендетуі мүмкін, бұл либидоның төмендеуіне және тіпті импотенцияға әкеледі.

Сыраны тұрақты тұтынудың ең айқын салдарының бірі – семіздік. Мұның себебтері келесідей:

- Калориясы жоғары: сыраның құрамында көп мөлшерде калория бар, бұл салмақтың өсуіне әкелуі мүмкін, әсіресе адам оны көп мөлшерде ішсе. Метаболизмнің төмендеуі: сыра метаболизмді баяулатады, бұл да ағзадағы майдың жиналуына ықпал етеді.
- Қорытындылай келгенде, алкогольизмінің, оның ішінде сыра алкоголизмінің алдын алу тек денсаулық мәселесі ғана емес, сонымен бірге қоғамның адамгершілік құндылықтарын сақтау, отбасылық қарым-қатынастарды нығайту және салауатты, саналы және бақытты болшақ үшін жағдай жасау болып табылады.

Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы
Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенді және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында терініп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

БАЙРАҒЫ БИІК
БАҒЗЫ ӨНЕР

Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында

Ақан сері, Біржан сал, Бөлітірік ақынның, Дина Нұрпейісованың домбыралары сақтаулы

Домбыра – қазаққа талай қиындықта, тар жол, тайғақ кешкен замандарда әрі сүйеніш, әрі жолбасшы болған киелі аспап. Сондықтан оны қазақтың жаны деп бекер әспеттемесе керек. Мегаполисте Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы (ауызекі тілде – Домбыралар үйі) деген бар. Оның тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысу үшін орталық жетекшісі Руза ҚАЖЕНОВАМЕН сұхбаттасқан болатынбыз.



шың, сылдырмақ, жетіген, адырна бар. Сонымен қатар, музейде үш тілде QR-код арқылы тыңдауға мүмкіндік жасалған. Өнерден құралақан емес қызметкерлеріміз экскурсия барысында әр мектептің әндері мен күйлерін домбыра, жетіген аспаптарында орындап береді. Тіпті, дәстүрлі әндерді келушілерімен бірге айту үрдіске айналған.

Домбыралар үйінде

– Музей – өткен тарихымыз, кешегі жүріп өткен жолымыз. Мұнда сақталған жәдігерлерге деген бүгінгі ұрпақтың құрметі қандай? Сіздерге жастар жиі келе ме?

– Әрине, бізді тамашалауға келетіндердің басым көпшілігі жасөспірімдер, жастар. Орталығымыз дәстүрлі музыканы насихаттайтын болғандықтан қаладағы, облыстағы білім мен мәдени ошақтарымен өзара ынтымақтастық аясында меморандумдарға қол қойып, өте тығыз байланыста жүйелі түрде жұмыстар атқарып келеді.

Осы орайда Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Сағындықованың музей саласына келгеніне көп болмаса да, түбейлі реформа жасап жатқанын айта кетем артық болмас. Ол мықты менеджер ретінде Алматы қаласына қатысты сегіз музейдің жеке брендин қалыптастыруға атсалысып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды насихаттау аясында шетелдерде бірнеше көрме ұйымдастыруға мұрындық болды. Музей қызметкерлерінің алыс-жақын шетелдерде білімін жетілдіріп, тәжірибе алмасуды бір жүйеге қоя білді. Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қызметкерлері Оң-

түстік Корея, Италия, Түркия, Австрия, Чехия, Венгрияда жылжымалы көрмелер ұйымдастырды. Біздің орталықтан да бірегей жәдігерлерді апардық.

Бытырғы шілдеде Корея мемлекетінің Сеул қаласының тарихи музейі бір ай көлемінде Алматы музейінде жылжымалы көрме ұйымдастырды. Сондай-ақ, бытырдан бастап, мектеп оқушыларына музейге тегін кіруге мүмкіндік жасалды. Біздің музейлерде балалар көп жүрсе, риясыз қуанып қаламыз. Біздің тарихымызды болашаққа жеткізетін сол жеткіншектер.

«Қайран, шешем!»

– Мұндағы шыны әйнектердің арғы жағында асқан ұқыптылықпен орналастырылған домбыралар түпнұсқа ма? Бүгінгі күнге кімнен, қалай жеткен?

– Иә, біздегі әрбір киелі домбыраның айтары бар. Міне, Дина Нұрпейісованың домбырасы да біздің төрде жарқырап тұр. Күйші анамыз 94 жасында Алматы қаласында дүние салған. Көзкөрген замандастары «Дина қыз күй орындағанда, өзі мүлдем көзге көрінбейтін, тек күй ойнап тұратын» дейді екен. Қаршадай қыздың даңқын естіп, әйгілі Құрманғазының өзі арнайы іздеп келген.

Тоғыз жасынан бастап он тоғызға дейін, қашан ұзатылғанша Құрманғазының баулуында болады. Немересі Балжан Нұрпейісованың естелігінде: «Киелі қара домбыраны бала кезінен серік етіп, құдіретті өнеге тұтқаны соншалық, көз жұмарының алдында бес-он минут бұрын өзінің төсегінің тұсында ілулі тұрған домбырасын алдырып, мәпелей сипап, аялай қағып, Құрманғазының «Қайран, ше-

шем!» күйін шертті. Өлсіз саусақтары икемге келмей жатса да, күйді көкірегінде жаңғыртып жатып дүниеден озды», – дейді. Дина әжейдің қазір орталықта тұрған домбырасын Балжан апай басында ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне өз қолымен әкеліп сыйлаған екен. Ал қазір біздің төрден орын алды.

Халық композиторы, суырып-салма ақын, әнші Біржан сал Қожағұлұлының әйгілі «Теміртас», «Адасқақ», «Айбозым» сынды әндерін шырқатқан домбырасы да тұр. Ақын, әнші, сазгер Ақан сері Қорамсаұлының домбырасының да түпнұсқасы осында. Бөлітірік Атыханұлының жыршы ретінде «Көрұғлы», «Алпамыс», «Мұңлық-Зарлық» дастандарын жатқа айтып таратқан домбырасы да көз тартады. Жамбыл Жабаевқа «Ерке атан», «Есім-Саржан», «Өтті-ау, дәурен!» сынды күйлерін сыйлаған киелі домбырасы да мөлдір әйнектің ішінде жарқырап тұр.

Жәнібек Кәрменовтей тұлғаның «Бабалар», «Ағалар-ай», «Толғау» секілді әндерін сүйемелдеген, саусақтарының ізі қалған домбырасы да сақтаулы. Күйші, жазушы, қазақ мифологиясы мен музыка фольклорын зерттеуші Таласбек Әсемқұловтың өз қолымен 2004 жылы жасаған домбырасы да көрнекті жерден орын алған.

Әр өңірдің үні

– Руза Жүнісқызы, байқап тұрғанымыздай, орталықтағы домбыралардың пішіні әртүрлі, бір-біріне ұқсамайды. Мұның сыры неде?

– Иә, пішіні мен дыбысы және атауына байланысты домбыраның әр өңірде өзіндік дәстүрлі үлгілері қалыптасқан. Мәселен, күйшілік



мектебі мықты дамыған қазақ жерінің батыс аймағында пішіні кесілген алмұртқа ұқсас қауақ домбыра кең тараған. Оның пернесаны 12–16 болып келеді. Бұл өңірге тән дәстүрлі кең тынысты төкпе күйлер осы домбырамен атқарылған. Екінші түрі – қазақ жерінің орталығы мен шығысына тән, шанағы үлкен күрек пішіндес, мойны қысқа, 7–11 пернеден тұрған қалақ домбыра. Келесі бір түрі – оңтүстік пен Жетісуда кең таралған мойны қысқа, бұрыштары тік, 7–9 пернелі болып келетін домбыра.

Біз осынау қасиетті жәдігерлерді жастарға насихаттаудан жалықпаймыз. Яғни бұл аспаптарды біз тек қана музей сәресіне жайғастырып қана қоймай, сол аспаптардың тікелей ұрпақтарымен шағын концерттік залымызда шығармашылық кештер, авторлық кездесулер, шеберлік сағаттарын, «дөңгелек үстелдер», челленджер, фестивальдер, жылжымалы көрмелер өткіземіз. Ұлтқа қызмет ету баршамыздың міндетіміз деп санаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛІШ.